ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт техникасы

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР
Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная

ОГНЕТУШИТЕЛИ ПЕРЕДВИЖНЫЕ
Общие технические условия

ҚР СТ 2513-2014

(ГОСТ Р 51017 2009 Өрт техникасы. Жылжымалы орт сондіргіштер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт техникасы

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2513-2014

(ГОСТ Р 51017 2009 Өрт техникасы. Жылжымалы орт сондіргіштер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызметі комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2014 жылғы «31» қазандағы № 223-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт түсіндірмелері «Кіріспе» құрылымдық элементінде берілген өнімнің сынақ әдістеріне ережелерді енгізу жолымен ГОСТ Р 51017–2009 «Өрт техникасы. Жылжымалы өрт сөндіргіштер.Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері» Ресей Федерациясының ұлттық стандартына қатысты түрлендірілген, және мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленген.

ГОСТ Р 51017–2009 Ресей Федерациясының Азаматтық қорғаныс істері, төтенше жағдайлар және табиғат апаты салдарларын жою жөніндегі министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік мекемесімен әзірленген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 51017–2009 ресми даналары, сондай-ақ сілтеме берілген мемлекетаралық стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

ГОСТ Р 51017–2009 құрылымын осы ұлтық стандарттың құрылымымен салыстыру Ж қосымшасында берілген. ГОСТ Р 51017–2009 құрылымы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының құрылуы, баяндалуы, ресімделуі және мазмұны ерекшеліктеріне байланысты өзгертілген.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2014 жылғы 11 сәуіріндегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы», 2008 жылғы 4 ақпандағы N 90 "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламенті, 2008 жылғы 21 наурыздағы N 277 "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламенті, 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 14 "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті; Еуразиялық Кеңестің шешімімен бекітілген 2013 жылғы 02 шілдесіндегі №41 «Кеден одағының техникалық регламентін бекіту туралы «Қысыммен жұмыс жасайтын құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 032/2013) заң нормалары жүзеге асырылған.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2019 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Классификация	5
5	Жалпы техникалық талаптар	6
6	Қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау	18
7	Қабылдау ережелері	19
8	Сынақ әдістері	20
9	Тасымалдау және сақтау	40
10	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	40
11	Әзірлеуші кепілдігі	40
	А қосымшасы (ақпараттық). Өрт сөндіргіштердің құрылымдық белгілері	42
	Б қосымшасы (ақпараттық) Өрт сөндіргіштерге арналған заттаңба үлгілері	43
	В қосымшасы (міндетті) Өрт сөндіргіштердің білікті, кезеңдік және сертификатталған бағдарламасы	46
	Г қосымшасы (міндетті). ГОСТ 27331 бойынша А және В класты моделді өрт ошағының параметрлері	50
	Д қосымшасы (міндетті). Өрт сөндіру затының ағынымен өтетін аққыштық тоғын анықтауға арналған сыналатын стенд сұлбасы	52
	Е қосымшасы (ақпараттық) Өрт сөндіру корпусының ішкі жабындысының сапасын анықтау үшін сынақ жүргізуге арналған электр тізбегінің сұлбасы	53
	Ж қосымшасы (ақпараттық). ГОСТ Р 51017–2009 құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру	54
	Библиография	58

Кіріспе

Осы стандарт ""Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 16 Қаулысының 83-119 тарауында бекітілген талаптарды орындау мақсатында әзірленген және техникалық регламентке дәлелді база болып табылады.

Осы стандарттың құрылымына ГОСТ Р 51017–2009 қатысты 8.4 ҚР СТ 1.5–2013 талаптарына сәйкес қабылдау ережелері мен сынақ әдістерін бекітетін құрылымы, мазмұны, көрнекілігі және стандарттардың іске асуы бойынша қосымша бөлімдер енгізілген.

ГОСТ Р 51017 –2009 байланысты осы стандартқа енгізілген негізгі өзгертулер төменде көрсетілген:

а) «Жалпы техникалық шарттар. Сынақ әдістері» стандарт бөлігіндегі атауы ҚР СТ 1.5–2013 талаптарына сәйкес«Жалпы технгикалық шарттар» деп өзгертілген.

б) бөлімдер енгізілген:

- 9 «Тасымалдау және сақтау»;
- 10 «Пайдалану жөніндегі нұсқаулық»;
- 11 «Әзірлеуші кепілдігі;

в) бөлім алтаулары енгізілген:

- 5.1 «Пайдалануға арналған талаптар»;
- 5.2 «Құрастырылымға қойылатын талаптар»,
- 5.3 «Материалдарға қойылатын талаптар»;
- 5.4 «Әсер етуші факторлардың тұрақтылығына қойылатын талаптар»,
- 5.5 «Сенімділік талаптары»;
- 8.2 «Сынақ құралдары»;
- 10 «Пайдалану жөнінде нұсқаулық»;
- 11 «Әзірлеуші кепілдігі»;

г) қосымша талаптар енгізілді:

- буып түюге және таңбалауға (5.7 бөлімше);
- қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау (6 бөлім);
- қабылдау ережелеріне (7 бөлім);

д) жаңа бақылау әдістері енгізілді:

- Сақтандырғыш құралдың (клапан) жұмысқа қабілеттілігін анықтауға арналған сынақ (8.3.15 бөлімше);
- Термиялық әсер етуінен (табиғи ескіруі) кейін артықшылық қысым астында орналасатын өрт сөндіру құрылғысының полимерлік бөлшектерінің төзімділігін анықтау бойынша сынақтар (8.3.19 бөлімше);
- Пайдалану температурасы диапазонында өрт сөндіргіштің жұмысқа қабілеттілігін анықтау сынағы (8.3.23 бөлімше);

е) Қосымшалар енгізілді:

- А (ақпараттық). Өрт сөндіргіштердің құрылымдық белгілері;
- В (міндетті). Өрт сөндіргіштердің білікті, кезеңдік және сертификатталған бағдарламасы;
- Ж (ақпараттық). ГОСТ Р 51017–2009 құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт техникасы

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын отандық және шеттен әкелінетін жалпы салмағы 20 кг кем емес және 400 кг аспайтын ГОСТ 27331 бойынша А,В және С кластарына жататын өртті сөндіруге арналған өрт сөндіргіштерге және кернеу астындағы электр құрылғыларына таралады.

Осы стандарт арнайы бағытталған өрт сөндіргіштерге таралмайды (орман өрттерін және ГОСТ 27331 бойынша D класына жататын өрттерді сөндіруге арналған және басқалар).

Стандарттың ережелері өнім шығаруды әзірлеуде және ұйымдастыруда, өнімді жетілдіруде, өткізуде және пайдалануда қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақтарды жүргізу және өлшеу құралдарының түрпатын бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сыналатын құрылғының аттестациялау ережелері.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Дабыл түстері, қауіпсіздік белгілері және белгілеу дабылдары. Жалпы техникалық шарттар және қолдану ережелері.

ҚР СТ 1088-2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1487-2006 Өрт техникасы. Өрт сөндіргіштер. Пайдалануға қойылатын талаптар.

ҚР СТ 1721-2007 Мотор жанармайы. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2.601-2006 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 9.032-74 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лак бояу жабындылары. Топтар, техникалық талаптар мен белгілер.

ГОСТ 9.104-79 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лак бояу жабындылары. Пайдалану шарттары топтары.

ГОСТ 9.301-86 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.302-88 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Бақылау әдістері.

ГОСТ 9.303–84 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындылар. Таңдауға арналған жалпы талаптар.

ГОСТ 9.308–85 Тоттану және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Метал және метал емес бейорганикалық жабындар. Жеделдетілген тоттану сынақ әдістері.

ГОСТ 9.311–87 Тоттану және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Метал және метал емес бейорганикалық жабындар. Тоттану зақымдарын бағалау әдісі.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.0.230-2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.037–78 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өрт техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011–89 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жұмыскерлерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және классификация.

ГОСТ 12.4.021–75 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 166–89 Штангенциркулдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 949–73 Рр < 19,6 МПа (200 кгс/см^2) кіші және орта көлемді газға арналған болат баллондар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770–74 Зертханалық шыны өлшеу ыдысы. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, кернеу өлшегіштер, тартым өлшегіштер және тартым кернеу өлшегіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2874–82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар мен сапасын бақылау.

ГОСТ 4234–77 Реактивтер. Хлорлы калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5378–88 Нониусты бұрыш өлшегіштер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7193–74 Индукциялы қолмен басқару анемометрі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7502-98 Өлшегіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8050–85 Газ тәрізді және сұйық қос тотықты көміртек. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8476–93 Тікелей әсер ету электр өлшеуіштерін көрсететін баламалы аспаптар мен олардың бөліктеріне арналған көмекші құралдар. 3 бөлім. Ваттметрлер мен варметрлерге арналған ерекше талаптар.

ГОСТ 8486–86 Қылқанды кесілген ағаш дайындамалары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8510–86 Тегіс емес ыстықтай жәміштелген болат бұрыштар. Сортамент.

ГОСТ 8711–93 Тікелей әсер ету электр өлшеуіштерін көрсететін баламалы аспаптар мен олардың бөліктеріне арналған көмекші құралдар. 2 бөлім. Амперметрлер мен вольтметрлерге қойылатын ерекше талаптар.

ГОСТ 9293–74 Газ тәрізді және сұйық азот. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9569–79 Парафинделген қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9909–81 Өзара әрекеттесудің негізгі нормалары. Конус бұрандалар мен баллон газға арналған.

ГОСТ 10157–79 Газ тәрізді және сұйық аргон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13646-68 Дәл өлшеулерге арнылған шыныдан жасалған сынап термометрлері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837–79 Жалпы бағыттағы динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192–96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150–69 Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандарға арналған орындаулар. Санаттары, пайдалану шарттары, сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер ету бөлігіндегі сақтау және тасымалдау.

ГОСТ 16504-81 Өнімнің мемлекеттік сынақ жүйесі. Өнімді сынау және сапаны бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16588–91 Кесілген ағаш өнімдері және ағаш бөлшектер. Ылғалдықты анықтау әдістері.

ГОСТ 18140–84 МӨЖ Дифференциалды манометрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 18321–73 Сапаны статикалық бақылау. Даналап саналатын өнімді сұрыптау әдістері.

ГОСТ 23170-78 Машина жасау бұйымдарына арналған орама. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24054–80 Машина және аспап жасау бұйымдары. Ауа өткізбеушілікке арналған сынақтар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24104–2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 24705–2004 Өзара әрекеттесудің негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Негізгі өлшемдер.

ГОСТ 27331–87 Өрт техникасы. Өрттердің жіктелуі.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ 1088*, ГОСТ 16504, [5] бекітілген терминдер мен келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылады:

3.1 **Ығыстырушы газ**: Өрт сөндіруші затты ығыстырып шығару үшін оқталған өрт сөндіргіште артық қысым тудыратын жанбайтын газ.

3.2 **Газтүрлендіргіш құрылғы**: Корпустан, газтүрлендіргіш элементтен, өрт сөндіргіш корпусында пайда болған газдарды беруге арналған жүйеден және бекітуге арналған штуцерден тұранын ығыстырушы газдың артық қысым шығаруына арналған құрылғы.

3.3 **Газтүрлендіргіш элемент**: Заряд компоненттерінің арасындағы химиялық реакциялардың барысында ығыстырушы газды тудыруға арналған газтүрлендіргіш құрылғының құрама бөлігі.

3.4 **Өрт сөндіргіш бастиегі**: Өрт сөндіргіш құрылғының мойнына фланцты, бұрандалы немесе басқа да түрінің көмегі арқылы орнатылатын құрылғы және өрт сөндіргіш құрылғының бекіту-іске қосу немесе жіберетін бақылау органдарын жүзеге асыруға арналған.

3.5 **Өрт сөндіргіш ағысының ұзындығы.** Өрт сөндіргіш саптамасынан горизонтальді түрде өрт сөндіргіш заттың негізгі массасының арғы шекарасына дейінгі ара-қашықтық.

3.6 **Жүктелген өрт сөндіргіш**: заряды мен корпусы үнемі ығыстырушы газдың қысымы астында тұратын өрт сөндіргіш.

3.7 **Өрт сөндіргіштің бекіту-іске қосу құрылғысы**: Ыдысқа орнатылған және газбен өрт сөндіретін затты шығаруға арналған бекіту құрылғысы.

3.8 **Жіберуші құрылғы**: Өрт сөндіргіш құралын газ балонын ашу арқылы немесе газ түрлендіруші құрылғыны инициролеу арқылы жүзеге асырылатын құрылғы.

3.9 **Өрт сөндіргіш заряды**: Өрт сөндіргіш корпусында болатын өрт сөндіргіш заттың салмақ немесе көлем бірлігімен көрсетілген саны (сұйық өрт сөндіргіш зат үшін).

3.10 **Сумен өрт сөндіргіш заряды:** Құрамында беткі қабатты-белсенді зат болатын, ылғалдауға жеткілікті өрт сөндіргіште болатын су ерітіндісі.

3.11 **Әуе-көбікті өрт сөндіргіш заряды**: Құрамында қажетті қоспалар мен көмірсумен немесе құрамында фтор бар беткі-белсенді заттар бар зарядтауға арналған немесе өрт сөндіргіш затының корпусында болатын сумен ерітінді.

3.12 **Зарядталған өрт сөндіргіш**: Қолдануға дайын пломбаланған жібергіш немесе бекіткіш-жіберуші құрылғысымен пломбаланған құрамында пайдалану құжаттарына сәйкес өрт сөндіргіш затының заряды бар сонымен қатар ығыстырушы газы немесе ығыстырушы газ көзі бар өрт сөндіргіш.

3.13 **Қысым индикаторы**: Ығыстырушы газдың бар екендігін көзбен шолып бақылауға мүмкіндік беретін құрылғы.

3.14 **Ығыстырушы газ көзі**: Сығымдалған немесе сұйытылған газдар немесе газ түрлендіргіш құрылғысын сақтауға арналған өрт сөндіргіш корпусының ішінде орналастырылған жоғары қысымдағы баллон.

3.15 **Өрт сөндіргіш корпусы:** Өрт сөндіргіш затты сақтауға және оны меншікті булардың немесе ығыстырғыш газдың артық қысымы әсерімен өрт ошағына беруге арналған герметикалық жабылған сыйымдылық.

3.16 **Көбік екпіні**: Көбік көлемінің көбікте болатын көбіктүзгіш ерітіндісі көлеміне қатынасы.

3.17 **Ең жоғары жұмыс қысымы** ($P_{жұм.\ max}$): Пайдалану кезінде 24 с кем емес уақыт аралығында ең жоғары температурада ұсталынған және жұмыстық қысымның шектік мәні ретінде пайдалану құжатында көрсетілген зарядталған өрт сөндіргіште орналастырылған (өрт сөндіргіш заттың шығу алдында) ығыстырушы газдың ең жоғары рұқсат етілген мәні.

3.18 **Ең кіші жұмыс қысымы** ($P_{жұм.\ min}$): Өрт сөндіргіш сөндіргіш заттың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге арналған пайдалану кезінде 24 с кем емес уақыт аралығында ең төменгі температурада ұсталынған және жұмыстық қысымның шектік мәні ретінде пайдалану құжатында көрсетілген зарядталған өрт сөндіргіште орналастырылған (өрт сөндіргіш заттың шығу алдында) ығыстырушы газдың ең төменгі рұқсат етілген мәні.

3.19 **Моделді өрт ошағы**: Формасы мен өлшемдері стандарттау бойынша нормативті құжаттарда бекітілген өрт сөндіргіш заттың өрт сөндіргіш қасиетін анықтауға арналған өрт ошағы.

3.20 **Зарядталған өрт сөндіргішті үрлеу**: Өрт сөндіргіш корпусын ығыстырушы газбен толтыру.

3.21 **Өрт сөндіргіштің сенімділігі**: Пайдалану кезінде өрт сөндіргіштің жұмысқа қабілеттілігін сипаттайтын нормативті техникалық құжатпен берілген өрт сөндіргіштің бекітілген параметрлердің шектік мәнін сақтау қабілеттілігі.

3.22 **Өрт сөндіргіш саптамасы**: Өрт сөндіргіш заттың ағынын қалыптастыруға арналған құрылғы (ұнтақ немесе газды өрт сөндіргіш тұмсығы; көмірқышқыл өрт сөндіргіштің кең балағы; сумен өрт сөндіргіштің шашыратқышы немесе әуе –көбікті өрт сөндіргіштің көбік генераторы).

3.23 **Параметрдің номиналды мәні**: Қалыпты атмосфералық жағдайларда нормативті техникалық құжаттарда көрсетілген және параметр мәнінің шектік ауытқуын есептеуде қызмет ететін параметр мәні (салмағы, көлемі және т.б).

3.24 **Өрт сөндіргіштің жұмысқа қабілеттілігі**: Өрт сөндіргіштің белгілі бір дәрежедегі үлгілік өрт ошағын сөндіруге қабілеттілігі.

3.25 **Өрт сөндіргіш зат**: Жануды тоқтату жағдайын қалыптастыруға мүмкіндік беретін физика-химиялық қасиеттері бар зат.

3.26 **Газ баллонды өрт сөндіргіш:** Баллон құрамында болатын корпусындағы артық қысым сығымдалған немесе сұйытылған газбен құралатын өрт сөндіргіш, сонымен қатар баллон өрт сөндіргіштің ішінде немесе сыртында болуы мүмкін.

3.27 **Газ түрлендіргіш құрылғысы бар өрт сөндіргіш**: Корпусындағы артық қысым газ түрлендіруші элементтің зарядының компоненттері арасында химиялық реакция барысында газдың бөлінуі салдарынан болатын өрт сөндіргіш.

3.28 **Қайта зарядталған өрт сөндіргіш**: Қолданғаннан кейін оның жұмысқа қабілеттілігін қайта қалпына келтірілетін өрт сөндіргіш.

3.29 **Өрт сөндіргішті іс-әрекетке келтіру**: Нормативті техникалық құжаттармен бекітілген Өрт сөндіргіштен өрт сөндіру затының берілуін орындауды қажет ететін оператор іс-әрекетінің бірізділігі.

3.30 **Сыналатын қысым** ($P_{сын}$): Өрт сөндіргіштің пневматикалық немесе гидравликалық төзімділікке сынаққа ұшырауы кезіндегі жұмыстық ортаның қысымы.

3.31 **Ығыстырушы газдың көзі ретінде өрт сөндіргішті іс-әрекетке келтіру ұзақтылығы**: Өрт сөндіргішті көліктік жағдайдан жұмыстық жағдайға ығыстырушы газдың газдың жұмыстық қысымы пайда болғанша және өрт сөндіргіш затының бітуінің басы болатын уақыт аралығы.

3.32 **Өрт сөндіргіш заттың берілу ұзақтылығы**: Үзіліссіз жұмыс кезінде және клапанның толық ашылуы кезінде және бекіткіш-іске қосу құрылғысының үздіксіз жұмыс істеуі кезінде өрт сөндіру саптамасынан өрт сөндіргіш заттың шығу уақыты.

3.33 **Өрт сөндіргіш зарядының ұзақтылығы**: Үзіліссіз жұмыс кезінде және клапанның толық ашылуы кезінде және бекіткіш-іске қосу құрылғысының үздіксіз жұмыс істеуі кезінде өрт сөндіру саптамасынан өрт сөндіргіш заттың және ығыстырушы газдың шығу уақыты.

3.34 **Өрт сөндіргіштің жұмысқа қабілеттілігі**: Өрт сөндіргіштің белгілі бір дәрежедегі үлгілік өрт ошағын сөндіруге қабілеттілігін сипаттайтын оның барлық негізгі параметрлері мәндерінің нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкес ахуалы.

3.35 **Жұмыс қысымы** ($P_{жұм}$): Мәндері нормативті техникалық құжаттарда анықталған өрт сөндіргіш затының параметрлерімен шығуы қажет болатын зарядталған өрт сөндіргіштегі ығыстырушы газдың қысымы.

3.36 **Өрт ошағы дәрежесі**: Үлгілік өрт ошағы күрделілігінің шартты белгісі.

3.37 **Өрт сөндіргіш заттың ағынындағы тоқ аққыштығы**: Сынақ жүргізу кезінде өрт сөндіргіш заттың ағыны бойымен потенциалдардың әртүрлілігінен өтетін электр тоғы.

4 Жіктеу

4.1 Өрт сөндіргіштерді өрт сөндіруші заттар құрамын қолдануға қарай мынадай түрлерге бөледі:

а) өрт сөндіргіш заттың ағынына қарай мынадай түрде жіктейді сумен (ОВ):

- тамшы шашыратудың арифметикалық диаметрі 150 мкм және одан төмен болмайтын сонымен қатар ГОСТ 27331 бойынша өрт сөндіргіш тек қана А класты өрт ошағын сөндіруге арналған;

- тамшы шашыратудың арифметикалық диаметрі 150 мкм және одан төмен болмайтын сонымен қатар ГОСТ 27331 бойынша өрт сөндіргіш тек қана А және В класты өрт ошағын сөндіруге арналған;

б) ауа-механикалық көбікті болып келетін ауа-көбікті (ОВП) еселігіне қарай былайша жіктеледі:

- көбігі төмен еселілікті өрт сөндіру қондырғылары еселілігі 5 бастап 20 дейін болатын көбік генераторы бар өрт сөндіргіштер;

- көбігі орташа еселілікті өрт сөндіру қондырғылары еселілігі 20 бастап 200 дейін болатын көбік генераторы бар өрт сөндіргіштер;

в) құрамында фтор заряды бар және жіңішке ағыны бар тамшы шашыратудың арифметикалық диаметрі 150 мкм және одан төмен болмайтын сонымен қатар өрт сөндіргіш тек қана А және В класты өрт ошағын сөндіруге арналған ауа-эмульсиалы (ОВЭ);

г) өрт сөндіргіш зат ретінде ұнтақты пайдаланатын сонымен бірге ГОСТ 27331 бойынша А, В және С класты өрт сөндіруге арналған және 1000 В кернеу астындағы электр қондырғыларын сөндіруге арналған ұнтақты өрт сөндіргіштер;

д) газды, соның ішінде:

-көмірқышқылды (ОУ);

- хладонды (ОХ);

- түрлендірілген (ОК).

4.2 Ығыстырушы өрт сөндіргіш затын сығымдаушы артық қысым газ тудыру үшін өрт сөндіргіш затын мына типтерге жіктейді:

а) толтырылған (з);

б) сығымдалған немесе сұйытылған газға арналған баллонмен (сауыт) (б);

в) газ түрлендіруші құрылғымен (г).

4.3 Жұмыс қысымының шамасына қарай өрт сөндіргіштерді:

а) төмен қысым, мұнда жұмыс температурасының ең жоғары мәнінде $P_{жұм} \leq 2,5$ МПа;

б) жоғары қысым, мұнда қоршаған ортаның температурасында (20 ұ 2) °С $P_{жұм} > 2,5$ МПа жіктейді.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 *Тағайындауға арналған талаптар*

5.1.1 Өрт сөндіргіштер осы стандарттың, стандарттау бойынша нақты тұрпаттағы өрт сөндіргіш құжаттарына сәйкес басқа нормативті техникалық құжаттардың [2], [5] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.1.2 Өрт сөндіргіштер төменде көрсетілген 1-кесте дәрежесіне сәйкес ГОСТ 27331 бойынша А және (немесе) В класты өрт ошақтарын сөндіруді қамтамасыз етуі тиіс.

5.1.3 Өрт сөндіргішті іс-әрекетке келтіру ұзақтылығы төменде көрсетілгендерден асып кетпеуі тиіс:

а) өрт сөндіру салмағы 150 кг дейінгі өрт сөндіргіштер үшін 20 с;

б) өрт сөндіру салмағы 150 кг артық өрт сөндіргіштер үшін 30 с.

1-кесте. ГОСТ 27331 бойынша әртүрлі өрт сөндіргіш түрлері үшін А және В класты өрт ошақтарының ең кіші дәрежесі

Өрт сөндіргіш түрі	Өрт сөндіргіштегі өрт сөндіргіш затының салмағына байланысты өрт ошағының ең кіші деңгейі, кг (л)				
	қоса алғанда10 дейін	қоса алғанда 10 бастап 20 дейін	қоса алғанда 20 бастап 50 дейін	қоса алғанда 50 бастап 100 дейін	100 артық
1 Сумен:	-	4А	6А	10А	15А
а) беткі қабатты белсенді құрамында фтор қоспалары жоқ	-	4А	6А	10А	15А
б) беткі қабатты белсенді құрамында фтор қоспалары бар	-	4А, 89В	6А, 113В	10А, 144В	15А, 233В
2 Ауа-көбікті:	-	3А	4А	6А	6А
а) беткі қабатты белсенді құрамында көмірқышқыл бар зарядпен [1)]	-	113В	144В	233В	233В-2[2)]
б) беткі қабатты белсенді құрамында фтор бар зарядпен	-	183В	233В	233В-2[2)]	233В-3[2)]
3 Құрамында фтор бар ауа-эмульсиялы зарядпен және жіңішке шашыратқыш ағынмен	-	6А, 183В	10А, 233В	15А, 233В-2[2)]	20А, 233В-3[2)]
4 Ұнтақты	-	4А, 183В	6А, 233В	10А, 233В-2[2)]	15А, 233В-3[2)]
5 Көмірқышқылды	55В	70В	89В	144В	233В
6 Хладонды	-	3А, 144В	4А, 233В	-	-

[1)] ГОСТ 27331 бойынша В класты модельді өрт ошақтары ауа-механикалық орташа еселі көбікке арналған;
[2)]ГОСТ 27331 бойынша В класты күрделі моделді ошақтардың белгілері 233В ошақ деңгейінен құралған және бірнеше (2 немесе 3) ошақ дәрежелерінен 21в құралған орталық табақшаның айналасында белгілі ретпен орналастырылған.

5.1.4 Өрт сөндіргіш заттың ағынының ұзындығы мыналардан кем болмауы тиіс:

а) цилиндрлі немесе конусты саптамалы ұнтақты өрт сөндіргіш үшін 6 м;

б) саңылаулы саптамасы бар ұнтақты өрт сөндіргіш үшін 4 м;

в) су негізіндегі көмірқышқыл, хладонды және зарядты өрт сөндіргіш үшін 4м;

Түрлендірілген өрт сөндіргіш үшін сұйық ағынын қолданылатын өрт сөндіргіштің барлық түріне қолдана береді және нақты түрлендірілген өрт сөндіргіштің пайдалану құжаттарын дайындайды.

5.1.5 Өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілген өрт сөндіргіштің үзіліссіз берілу ұзақтығы 2 кестеде көрсетілген мәннен кем болмауы тиіс бірақ 210 с артық емес.

5.1.6 Өрт сөндіргішті үрлегенннен кейін қысымның төмендеуі номиналды жұмыстық қысымнан $P_{раб}$ 10 % кем болмауы тиіс:

а) сығымдалған немесе сұйытылған газды сақтауға арналған газ баллондар үшін 15 мин;

б) газтүрлендіргіш құрылғысы бар өрт сөндіргіш үшін 30 мин.

2 кесте – Өрт сөндіру затының берілу ұзақтығы (секундпен есептегенде)

Өрт сөндіргіш түрі	Өрт сөндіру затының салмағы	
	Қоса алғанда 50 кг дейін	50 кг артық
1 Сумен және ауа-көбікті	40	60
2 Ауа-эмульсиялы	30	45
3 Ұнтақты	20	30
4 Көмірқышқылды	15	20
5 Хладонды	15	25

Өрт сөндіру қондырғысын іске қосқаннан кейін және өрт сөндіргішті үрлегеннен кейінгі қысымның шамасы нақты тұрпаттағы пайдалану құжатында бекітілген көбік деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

5.1.7 Орташа еселіктегі көбік генераторымен жабдықталған ауа-көбікті өрт сөндіргіш көбік еселігінің мәнін әзірлеушімен пайдаланушы құжатта қамтамасыз етуі тиіс.

5.2 *Құрылымға қойылатын талаптар*

5.2.1 *Өрт сөндіру құрылғының құрылымы екі элементтерден құралуы керек (бұдан ары - элементтер):*

а) *жабдықталған монометрі мен сақтандырғыш құрылғы, қысым көзімен өрт сөндіретін затын сақтауға арналған баллон (сауыт);*

б) *жіберуші құрылғы (4.2 б) және 4.2 в) бойынша өрт сөндіргіштер үшін);*

в) *тығын-жіберу құрылғылар;*

г) *өрт сөндіру затын беруге арналған иілгіш құбыржолы (жоғары қысымды шланг;*

д) *шашыратқыш-саптама (өзегі).*

Ескертпе - *Өрт сөндіру құрылғысының құрылымына кіретін элементтер құрамы өнімнің дайындаушы-зауытымен анықталады және белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетіледі.*

5.2.2 Ығыстырушы газ ретінде толтырылған типегі өрт сөндіру зарядына немесе жоғары қысымды баллонға (сауыт) сұйытылған немесе сығымдалған газды сақтау үшін мыналарды қолдануға рұқсат беріледі: ГОСТ 9293 бойынша ауа, азот, ГОСТ 10157 бойынша аргон, ГОСТ 8050 бойынша сұйық қос тотықты көміртек, гелий және олардың қоспалары.

Азот, аргон және қос тотықты көміртек бірінші топтан кем болмауы тиіс.

Сұйытылған немесе сығымдалған газды сақтау үшін жоғары қысымды баллонға (сауыт) қолдануға арналған (20 ұ 2) °С температурасында су буларының болуы 3-кестеде келтірілген мәндерден жоғары болуы тиіс (сумен зарядталған өрт сөндіргіштерден басқа).

Газ баллон (сауыт) немесе ығыстырушы газдың зарядынан аққыштықты анықтау мақсатында индикатор орналастырады, сонымен қатар оның құрамы ығыстырушы газ салмағынан 3 % асып кетпеуі тиіс.

Ескертпе – Су негізді өрт сөндіргіш зарядында ығыстырушы газ ретінде қос тотықты көміртекті қолдануға рұқсат етілмейді.

3-кесте. Ығыстырушы газдағы су буларының құрамы

Ығыстырушы газ		Су буларының ең жоғары мазмұны, % масс.
Ауа, азот, аргон немесе гелий		0,006
Қос тотықты көміртек	минус 40 °С кем емес өрт сөндіргішті пайдаланудың ең кіші температурасында	0,006
	минус 20 °С кем емес өрт сөндіргішті пайдаланудың ең кіші температурасында	0,015

5.2.3 Өрт сөндіру затын сығымдауға және сақтауға арналған жоғары қысымды баллондар (сауыт) [2] талаптарына сәйкес әзірленген болуы тиіс.

5.2.4 Газ түрлендіргіш құрылғының құрылымы өрт сөндіруші затқа газтүрлендіргіш заттың фрагменттерінің немесе олардың құрауыштарының әрекеттесуі нәтижесінде қатты заттардың түсіп кетпеуінен қорғау керек, олар өрт сөндіргіштер жұмысына кедергі келтірмеуі тиіс.

5.2.5 Газ түрлендіруші құрылғыға арналған балғаны газтүрлендіруші құрылғыны инициролеу үшін қажетті серіппелі күшпен қимылға келтіру керек.

5.2.6 Әзірлеу үшін тиімді болып табылатын жылжымалы өрт сөндіргіштер келесі номиналды мәндермен жылжымалы өрт сөндіргіштер болып табылады:

а) су негізіндегі зарядталған өрт сөндіргіштер (сулы ауа-көбікті, көбік-эмульсиялы): 25 л, 35 л, 50 л, 75 л, 100 л, 125 л, 150 л;

б) ұнтақпен өрт сөндіргіштер: 25 кг, 35 кг, 50 кг, 75 кг, 100 кг, 125 кг, 150 кг;

в) газды өрт сөндіргіштер: 10 кг, 15 кг, 20 кг, 25 кг, 30 кг, 35 кг, 40 кг, 55 кг, 75 кг.

Өрт сөндіргіштің өрт сөндіруші затының салмағы нақты тұрпаттағы пайдалану құжаттарында бекітілген номиналды мәннен айырмашылығы болуы мүмкін:

а) ұнтақты өрт сөндіргіштер үшін (± 5) % масс артық емес;

б) хладонды және көмірқышқыл өрт сөндіргіштері үшін (- 5) % масс артық емес;

в) сулы ауа-көбікті, көбік-эмульсиялы өрт сөндіргіштер (- 5) % об артық емес.

5.2.7 Өрт сөндіруші затты толтыру коэффициенті мыналардан тұруы тиіс:

а) су негіздегі зарядты өрт сөндіргіштер үшін көлемі бойынша 0,85;

б) көміртекті өрт сөндіргіштер үшін 0,72 , кг/дм^3;

в) (0,75 ± 0,05) $\rho_{упл}$, ұнтақты өрт сөндіргіштер үшін, мұнда $\rho_{упл}$ – нығыздалған ұнтақтың жуықтама тығыздығы, кг/дм^3.

Ескертпе - Өрт сөндіруші затты толтыру коэффициентін анықтау үшін өрт сөндіргіш корпусының ішінде орналасқан арматураны алып жатқан көлемін шегеру арқылы корпус (баллон) сыйымдылығын пайдаланады.

5.2.8 Жоғары қысымды газ баллондағы (сауыт) газды өрт сөндіргіш затының немесе ығыстырушы газдың ақыштығы пайдалану немесе сақтау кезіндегі бір жылда төмендегіден асып кетпеуі тиіс:

а) Манометрмен жабдықталған, өлшеу дәлдігін қамтамасыз ететін немесе бақылау манометрін байланыстыруға арналған штуцер толтырылған өрт сөндіргіштер мен баллондар (сауыт) бекітілген 10 % номиналды жұмыстық қысым мәні.

Жұмыс қысымының ауқымын оқшаулайтын манометр (қысым индикаторы) шкаласының телімі жасыл түске боялуы керек. Төменгі қысым – қызыл түс, ал жоғарғы қысым – қызыл немесе басқа (жасыл түстен басқа) түсті білдіретін жұмыс қысымының ауқымынан тыс шкала телімдері;

б) 5 % масс. көміртекті және хладонды өрт сөндіргіштерге арналған өрт сөндіргіш зат салмағының алғашқы мәні;

в) 5 % масс. Жоғары қысымды газ баллондарға (сауыт) арналған ығыстырушы газ салмағы мен манометрі жоқ ығыстырушы газ салмағының алғашқы мәні.

Ескертпе - ығыстырушы газдың салмағының алғашқы мәні баллонда (сауыт) көрсетілген болуы тиіс.

Барлық түрдегі өрт сөндіру қондырғылары үшін ығыстырушы газ қысымының шамасы нақты тұрпаттағы пайдалану құжаттарында бекітілген номиналды мәннен рұқсат етілген мәндердің барлық шектерінен асып кетпеуі тиіс.

5.2.9 Өрт сөндіргішті іс-әрекетке алып келетін жіберуші құрылғыда өрт сөндіру затының ағынын басқару бойынша өрт сөндіруші заттың бекіту-іске қосу қызметін бірге атқармауы тиіс.

5.2.10 Өрт сөндіргіштің құрылымы өрт орнында (жану) және оны іске қосу кезінде тасымалдауды қамтамасыз етуі тиіс:

а) 200 кг артық емес толық өрт сөндіргіш салмағындағы бір немесе екі адаммен;

б) 200 кг артық толық өрт сөндіргіш салмағындағы екі немесе үш адаммен.

Өрт сөндіргішті тасымалдау кезінде қимылға келтіретін сап (100 ұ 30) см. биіктікте орналасқан болуы тиіс.

5.2.11 Өрт сөндіргішті қимылға келтіру кезінде блокты ажыратуға арналған күш сонымен қатар жалпы салмағы 200 кг болатын өрт сөндіргішті жылжытуға арналған күш 4 кестеде келтірілген мәннен асып кетпеуі тиіс.

Жалпы салмағы 200 кг болатын өрт сөндіргішті жылжытуға арналған ең жоғары рұқсат етілген күшке қол жеткізу үшін 4 кестеде келтірілген мәндерді 1,5 рет көбейту керек.

4 кесте – Өрт сөндіргіш затты қимылға келтіру күші

Өрт сөндіргішке әсер ету әдісі	Ең жоғары рұқсат етілген күш, Н
Блокталған құрылғыны ашу үшін қол саусағымен	100
Бол білегімен	200
Өрт сөндіргіш қолбасының сабын биіктікте ұстап тұру (100 ± 30) см	70
Өрт сөндіргішті көліктіктен вертикальді қалыпқа келтіру	300
Өрт сөндіргішті горизонтальді жазық беттен бетонды немесе асфальтты жабындыға жылжыту	250

5.2.12 Өрт сөндіргіш құрылғының бекіту-іске қосу құрылғысы өрт сөндіру затының өрт ошағына (жану) берілуіне мүмкіндік бермеуі болып табылады.

5.2.13 Өрт сөндіру құрылғыларының жұмысынан кейін өрт сөндіретін затының зарядтау қалдығының салмағы:

а) 15 % көп емес - өрт сөндіру ұнтақты құрылғылары үшін;

б) 10 % көп емес- бірден қолданыстағы қалдықты өрт сөндіру құрылғылары үшін құралады.

5.2.14 Бұзылмайтын корпусының өрт сөндіру құрылғысы «Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», техникалық регламенті ГОСТ 949 талаптарына сәйкес болуы керек

5.2.15 Төменгі қысымды өрт сөндіргіш корпусындағы шектеулі сынақ қысымда $Р_{шект}$, 2,7 $Р_{жұм\ max}$ тең, бірақ 5,5 МПа кем емес кезінде төзімділігін сақтау керек.

ЕСКЕРТПЕ Өрт сөндіру құрылғысын пайдалану барынша температурада құралатын $P_{жұм\ max}$,жұмыс қысымының барынша рауалы мәнінің маңызы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетіліп, дайындаушы-зауытпен белгіленеді.

5.2.16 Бекіту –іске қосу құрылғысының құрастырылымы ең жоғары жұмыстық қысым кезінде $P_{раб.\ max.}$ ауа өткізбеушілікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.17 Өрт сөндіргіш иілгіш шлангамен жабдықталған болуы тиіс:

а) өрт сөндіргіш заттың массасы 200 кг асатын өрт сөндіргіштер үшін (100 ± 2) см;

б) өрт сөндіргіш заттың массасы 200 кг асатын өрт сөндіргіштер үшін (300 ± 5) см;

Өрт сөндіргіш заттың ағынын жабатын құрылғының жиынтығында болатын иілгіш шланга мыналармен қамтамасыз ету керек:

а) Өрт сөндіргіштің корпусына арналған ең жоғары жұмыстық қысымдағы ауа өткізбеушілік $P_{раб.\ max}$;

б) өрт сөндіргіш корпусына арналған сынамалы жұмыстық қысым $P_{пр}$ кезіндегі төзімділік (60 ұ 2) с аралығында жүзеге асады.

5.2.18 Иілгіш шланга өрт сөндіргіш затының саптама арқылы еркін өтуін қамтамасыз етуі тиіс – шашыратқыш өрт сөндіру корпусына ешқандай сынусыз майысусыз бекітіледі, ол жерге немесе тасымалдау кезінде доңғалаққа тимеуі тиіс және жұмыстық температураның барлық диапазонында кезінде иілгіштігін сақтауы тиіс.

5.2.19 Өрт сөндіргіш бастиегінде немесе корпуста (баллонда) орналастырылған рұқсат етілген шектен асып кеткен қысымнан қорғап тұратын құрылғы орнатылған болуы тиіс.

Сақтандырғыш құрылғының жұмыс істеу қысымы теңестіруге тиісті қысым ауқымында бар болуы керек.

$$P_{жұм\ max} < P_{қжұм} \leq P_{сн}, \qquad (1)$$

$P_{жұм\ max}$ - өр сөндіру құрылғының барынша жұмыс істеу қысымы;

$P_{қжұм}$ – сақтандырғыш құрылғының жұмыс істеу қысымы;

$P_{сн}$ - өрт сөндіру құрылғысының сынама сынақ қысымы.

ЕСКЕРТПЕ Тығын-жіберу құрылғының сақтандырғыш құрылғысы ретінде пайдаланбайды.

5.2.20 сақтандырғыш құрылғының газды жіберу торабының құрастырылымы ығыстырушы газды немесе өрт сөндіргіш затты әр түрлі бағытта шығаруға мүмкіндікті қамтамасыз етуі тиіс, сонымен қатар реактивті күшті төмендете отырып өрт сөндіргіш құрылғының өздігінен жылжу мүмкіндігін болдырмау керек.

5.2.21 Сумен және ауа-көбікті өрт сөндіргіштерді шығару каналы сүзгі орнатылған элементтермен каналдың ең жіңішке қима каналы арқылы жабдықталған болуы тиіс , ұяшық мөлшері ағу каналының ең кіші қимасынан аз болуы тиіс.

Өтпелі қима сүзгісінің жалпы ауданы ағу каналының ең кіші қимасынан бес есе көп болуы тиіс.

5.2.22 Газ баллонды немесе газ түрлендіргіш құрылғылары бар ұнтақты өрт сөндіргіштің құрастырылымы зарядталған өрт сөндіргішті үрлеген кезде ұнтақтың аэрациясын қамтамасыз етуі тиіс.

Толтырылған типтегі өрт сөндіргіштерде өрт сөндіру затының түсіп кетуінен сақтандаратын қысым индикаторы болуы тиіс.

5.2.23 Өрт сөндіргіш құрылымы оның корпусына (баллон) қысымды қауіпсіз түсіруді қамтамасыз ететін мүмкіндік болуы тиіс.

5.2.24 Толтыру типті өрт сөндіргіштер (газды түрінен басқалары) және ығыстырушы газды баллондар (сауыт) өрт сөндіргіштегі ығыстырушы газдың қысымын көрсететін және оның шамасын анықтауға мүмкіндік беретін манометрлермен және қысым ингдикаторымен жабдықталған болуы тиіс.

Қысым манометрі мен индикаторында нақты тұрпаттағы өрт сөндіргіш затының пайдалану құжаттамаларына сәйкес параметр талаптарына арналған ілеспе құжаттар болуы тиіс.

Манометр немесе индикатордың дәлдік класы 1,5 кем болмауы тиіс.

Қысым манометрі мен индикаторының негізгі қателігі шәкілдің барлық диапазонында ГОСТ 2405 бекітілген мәндерден аспауы тиіс, бірақ 4 % артық емес.

Өрт сөндіргіш құрылымымен оларды салыстырып өлшеуге арналған өлшеу құрылғыларын жоюға қарастырылған болуы тиіс.

5.2.25 Монометр шкаласының барынша қысымның мәні (20 ұ 2) °С қоршаған орта температурада зарядтау қысымы 150 %-дан 250 % дейін шегінде болуы керек.

Манометр шкалада (қысым индикаторы) белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген аздаған және барынша жұмыс істеу қысымының мәндері секторымен белгіленген немесе сандармен көрсетілуі керек.

Жұмыс қысымының ауқымын оқшаулайтын манометр (қысым индикаторы) шкаласының телімі жасыл түске боялуы керек.

Төменгі қысым – қызыл түс, ал жоғарғы қысым – қызыл немесе басқа (жасыл түстен басқа) түсті білдіретін жұмыс қысымының ауқымынан тыс шкала телімдері.

Ескертпе – Тапсырушы талабы бойынша өрт сөндіру құрылғысының корпусын бояу интерьер реңіне жасау керек.

5.2.26 Тоқ аққыштығының өрт сөндіргіш затының ағыны бойынша мәні кернеу астында бар электржабдықтау өрттерін сөндіруге арналған өрт сөндіру құрылғылары үшін 0,5 мА аспауы керек.

Қол механикалық жіберу кезінде қолданыстағы өрт сөндіру құрылғыны келтіру және блоктау фиксаторын шешу шарттары

а) ұнтақты өрт сөндіргіштер үшін - 1000 В;

б) көміртекті өрт сөндіргіштер үшін - 10 000 В.

5.3 *Материалдарға қойылатын талаптар*

5.3.1 *Өрт сөндіру құрылғысын және оның элементтерін дайындау үшін қолданылатын материалдада сапа және қауіпсіздігін растау туралы құжаттар бар болуы керек.*

5.3.2 *Өрт сөндіру құрылғысы және оның элементтері үшін қолданылатын материалдар дайындау және пайдалану кезінде адамның ағзасына зиян және түршіктіретін әсерін білдірмеу керек.*

5.3.3 Жұмыстық қысым әсеріне ұшырайтын өрт сөндіргіштің пластмасс бөлшектері (60 ұ 2) с уақыт ішінде жұмыс температурасы диапазонында сынамалы сынақ қысымына шыдауы тиіс ($P_{пр}$).

5.3.4 Газ түрлендіруші құрылғының көмегімен ығыстырушы газдың қысымы пайда болатын өрт сөндіргіш корпусына (баллон) немесе бастиегін жасауға арналған металл емес материалдарды қолдануға тыйым салынады.

5.3.5 Артық қысым (корпус, бастиек, бекіту-іске қосу құрылғысы, шашыратқыш-саптама, көбік генераторы немесе кең балақ) әсеріне ұшырайтын өрт сөндіргіш

бөлшектерін жасауға арналған полимер материалдар термиялық әсерден кейін тұрақтылық пен төзімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.6 Полимер материалдардан орындалған және артық қысым әсеріне түсетін өрт сөндіргіш бөлшектерін бұранда байланыстырушылармен қосу үшін (бастиек, корпус) қосылыстардың төзімділігі мен ауа өткізбеушілігін қамтамасыз ететін күштелген профиль бұрандасын қолданады.

5.3.7 *Өрт сөндіру құрылғысының корпусына коникалық және метрлік ойма қосылыстары ГОСТ 9909 және ГОСТ 24705 талаптарына сәйкес орындалуы керек.*

5.3.8 Төменгі қысымды өрт сөндіргіш корпусындағы бұрандалық қосылыстар оның бастиегінде немесе (және) қақпағында қысымның екі толық орамында қауіпсіз түсуіне арналған.

5.3.9 Өрт сөндіру құрылғысы және оның элементтері үшін қолданылатын материалдар дайындау және пайдалану кезінде адамның ағзасына зиян және түршіктіретін әсерін білдірмеу керек.

5.4 *Сыртқы әсерлеріне тұрақты талаптар*

5.4.1 Өрт сөндіру құрылғылары және оның элементтері белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген қызмет көрсету мерзімі ішінде сыртқы және ішкі тоттану әсеріне тұрақты болуы керек.

5.4.2 Су негізінде өрт сөндіргіш зарядымен өрт сөндіргіштің ішкі корпусындағы қорғау жабындысы сонымен қатар хладонды өрт сөндіргіштерде оның біртұтастығын бұзатын ақаулар болмауы тиіс.

5.4.3 Өрт сөндіргіштер сыртқы тоттануға төзімділігін сақтауы тиіс.

Тоттануға салынатын және тоттанбаған-тұрақты материалдардан дайындалған өрт сөндіру құрылғылары және оның элементтерінде ГОСТ 9.301 және ГОСТ 9.303 талаптарына сәйкес қорғаныс-сәндік және қорғаныс жабындар бар болуы керек.

5.4.4 Лакты сыртқы жабындар белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген қызмет көрсету мерзімі ішінде қорғаныс және сәндік қасиеттерін сақтау керек.

5.4.5 Өрт сөндіргіштер құрылғысының сыртқы корпусының беті ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес сигналды қызыл түске боялуы керек.

5.4.6 Өрт сөндіргіштер құрылғылары мен олардың элементтері климаттық әсерлеріне тұрақты орындау санатының бөлігінде ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес болуы керек.

Өрт сөндіргіштерді және олардың элементтерін пайдалану температуралық ауқымы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетілуі керек.

Өрт сөндіргіш зарядының орнына сулы, ауа-көбікті және ауа-эмульсиялы өрт сөндіргіштер үшін беткі қабатты белсенді заттардың су ерітінділері қолданылатын өрт сөндіргіштер үшін пайдаланудың (қабылдау) ең кіші температурасы 5 °С құрауы тиіс.

5.4.6 *Өрт сөндіру құрылғысы тасымалдау кезінде механикалық тербелуіге тұрақты болуы керек.*

5.4.7 Сақтау кезінде өрт сөндіргіш оның құлап кетуінен немесе өздігінен жылжуынан басқа жағдайларда өзінің төзімді жұмыстық қалпын сақтау керек.

Өрт сөндіргіш оның тік қалпынан ауытқуы кезінде (егер ол жұмыстық болып табылатын болса) 10° бұрышқа дейін құламауы тиіс.

5.5 Сенімділігіне қойылатын талаптар

5.5.1 Өрт сөндіргіштің шашыратқыш-саптамасы (100 ұ 2) см биіктіктен құлаған кезде өзінің төзімділігін сақтауы тиіс.

Көмірқышқылды өрт сөндіргіштің кең балағы (100 ұ 2) см биіктіктен құлаған кезде өзінің төзімділігін сақтауы тиіс.

Көмірқышқылды өрт сөндіргіштің кең балағы (300 ұ 5) с уақыт ішінде 245 Н статикалық жүктемеге шыдауы тиіс.

5.5.2 Қайта зарядталған өрт сөндіргіш өзінің жұмысқа қабілеттілігін өрт сөндіргіш затын ауыстырғаннан кейін де сақтауы тиіс.

5.6 Жиынтықтылығы

5.6.1 Жеткізу жинағына:

а) 5.2.1 бойынша өрт сөндіргіш;

б) өрт сөндіру құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулығы, сондай-ақ ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес құралған төлқұжат;

в) өрт сөндіруді пайдалану жөніндегі басшылық;

г) техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулық және өрт сөндіргішті қайта зарядтау;

д) құрастырылымы, пайдалану және газ түрлендіргіш құрылғыны қайта пайдалану әдістері (құрылымында бар болған кезде);

е) қысым астында жұмыс істейтін сыйымдылыққа (ыдысқа) төлқұжат;

ж) ыдыста түсетін өрт сөндіру модулінің орамасына арналған жәшік;

1 ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының (тапсырушы) талабы бойынша жеткізу жинағын толтырып өзгертуге болады.

2 Арнайы аспап және заттарының қосалқы бөлшектерінің мөлшері және құрамы тұтынушымен (тапсырушымен) анықталады және жеткізуге келісімде көрсетіледі.

5.6.2 Өрт сөндіргіштің пайдалану жөніндегі нұсқаулығында мынадай бөлімдер болуы тиіс:

а) негізгі бет;

б) өрт сөндіргішті тағайындау және негізгі техникалық сипаттамалар;

в) жеткізу жиынтығы;

г) өрт сөндіргіштің құрылғысы және жұмыс жасау принципі (қажетті көрнекіліктермен);

д) міндетті нұсқаумен орт сөндіру кезінде жұмыс істеу тәртібі:

- бес секундты ұстаудың қажеттілігі (газ баллон немесе газ түрлендіргіш құрылғысы бар өрт сөндіргіштерге арналған);

- өрт ошағын сөндіру кезінде рұқсат етілген ауытқу кезіндегі осы қалпынан өрт сөндіру кеңістігі туралы;

- сөндіруді бастайтын ұсынылған қауіпсіз ара қашықтық туралы;

- әр түрлі заттарды сөндіргенде қолданылатын ұсынылған тактикалық ережелер

е) өрт сөндіргішпен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулар. Берілген өрт сөндіргішті қолданған кездегі адам ағзасына кері әсерін тигізетін әсерлер туралы;

ж) өрт сөндіргішті қорғалған нысанада құруға арналған өрт сөндіргішті пайдалану ережелерінде порядок тексеру кезеңділігі мен мөлшері, өрт сөндіргішті сынау мен қайта зарядтау, параметрлерінің мәндері мен рұқсат етілген шектері тексеру кезінде жүзеге асады;

и) өрт сөндіргіш сақтау және тасымалдау ережелері;

к) сәйкестік сертификаттары;

л) зауыт-дайындаушы кепілдік берілген міндеттер;

м) өрт сөндіргішке қызмет көрсету бойынша толтырылған кесте формалары

5.6.3 Өрт сөндіргіштің техникалық қызмет көрсету және қайта зарядтау бойынша басқару газ, көздерге от сөндіргіштің, талаптың бұзуға, сынауға, қайта зарядтауға, құрастыруға және таңбалауға ығыстырғыш техникалық күйдегі баға бойынша қажетті нұсқаулықтар тиісті өрт сөндіргіш сынау және қайта зарядтау тиісті мерзімділік туралы от сөндіргішке, өрт сөндіргішті қайта зарядтауға қажетті кезеңдік сынақтар.

Техникалық қызмет көрсету бойынша басшылықта өрт сөндіргіштің бұзылған күйіндегі сызбалар болуы тиіс және зауыттық каталог бойынша құрама бөлшектері, құраушы бірліктері мен өрт сөндіргіштің барлық бөлшектері болуы тиіс.

5.6.4 Бөлшектер каталогы мен жиынтық бірліктерінде өрт сөндіргіштің жеңілдетілген сызбанұсқаксы болуы тиіс, сызбалар, барлық бөлшек материалдарының номерлері мен тізімі, қосалқы бөлшектер және өрт сөндіргіштің әр моделіне арналған сатып алу бұйымдары.

5.6.5 *Пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы керек.*

5.7 Буып-түю және таңбалау

5.7.1 Өрт сөндіргіш және өрт сөндіргіш заряды ГОСТ 23170 талаптарына сәйкес буып-түйілген және «Буып-түю, таңбалау, заттаңбалау және оны дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті талаптарына тиісті таңбалау бар болуы керек. (3 бөлімді қараңыздар).

5.7.2 *Таңбалау нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамамен салыстыру және техникалық қамтамасыз ету үшін рұқсат жерде өрт сөндіру құрылғылары мен оның элементтерінде құрылғының бүйірлі бетінде түсірілуі керек.*

5.7.3 3 Өрт сөндіру таңбалауында мынадай деректер бар болуы керек:

а) атауы немесе дайындаушы-кәсіпорынның сауда белгісі;

б) құрылымды белгісі;

Ескертпе – *Өрт сөндіргіштің құрылымдық белгісі А қосымшасында келтірілген.*

в) берілген өрт сөндіргішпен өшірілетін модельді ошақ дәрежелері;

г) зарядталған өрт сөндіргіштегі өрт сөндіргіш затының номиналды көлемі, типі, таңбасы;

д) өрт сөндіргішті іске келтіру әдісі бірнеше пиктограммалар түрінде келтіру (сұлбалық суреттер) өрт сөндіргіштермен жұмыс жасауға қажетті болып табылады, мысалы:

- өрт сөндіргіштері мынадай жолдар арқылы іс әрекетке дайындау: жіберуші немесе бекіту-іске қосу құрылғысынан блоктаушы фиксаторды шығару; ығыстырушы газбен өрт сөндіргіш корпусын толтыруға арналған қажетті әрекеттер, және өрт сөндірудің алдында ұстап тұруға қажетті уақыт (ығыстырушы газ көзі бар өрт сөндіргіштерге арналған);

- өрт сөндіруді бастаушы рұқсат етілген ара-қашықтықтағы өрт ошағына апару үшін өрт сөндіргішке саптама кигізу;

- өрт ошағына өрт сөндіргіш затының берілу қажеттілігін орындау әрекеті;

е) сақтандырушы жазбалар:

- электр қауіптілігі туралы, мысалы: «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Кернеу астындағы электр құрылғыларын қолданбау керек» немесе «Өрт сөндіргіш кернеу астындағы электр құрылғыларын сөндіруге жарамды» (рұқсат етілген кернеу көрсетілген болуы тиіс және өрт сөндіру нысанасына дейінгі қауіпсіз ара-қашықтық көрсетілуі тиіс)»;

- уыттығы туралы (көмірқышқылды және хладонды өрт сөндіргіштерге арналған) мысалы: «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Өрт сөндіру кезіндегі бөлінген газ қауіпті, әсіресе тұйық көлемде»;

- тоңазу мүмкіндігі (көмірқышқыл өрт сөндіргіштері үшін);

- статикалық электрдің қайта зарядталу мүмкіндігі (көмірқышқыл және ұнтақты өрт сөндіргіштер үшін).

ж) пайдалану температурасының диапазоны;

и) ГОСТ 27331 өрт кластары бойынша пиктограммалар жанып жатқан заттың түрін анықтауға мүмкіндік беретін, сонымен қатар өрт сөндіргішті электр қондырғыларына қолдануға рұқсат етілген ең үлкен кернеу.

Ескертпе – *Өрт сөндіргіштерге арналған өрт кластарының пиктограммалары затбелгі формасы* ГОСТ *27331 бойынша Б қосымшасында келтірілген.*

Өрт сөндіргіш қажет емес өрт сөндіруге арналған өрт кластарының пиктограммалары диагональді сызықпен сурет үстінен 3 мм кем емес ендікте сызылған болуы тиіс (немесе пиктограмманың контрасты фонымен), ішкі сол бұрышынан төменгі оң бұрышына дейін сызылуы тиіс (бұл жағдайда электр құрылғыларының өрт кластары пиктограммасында шектік кернеу көрсетілмейді).

к) өрт сөндіргіштегі ығыстырушы газдың жұмыстық қысымы (шектік өзгертулерін қоса есептегенде);

л) өрт сөндіргішті сынау қысымының мәні $P_{исп}$;

м) ығыстырушы газдың атауы мен салмағы (қысымы жоғары газ баллронды өрт сөндіргіштерге арналған);

н) рұқсат етілген шектері көрсетілген өрт сөндіргіштің салмағы немесе ең кіші немесе ең үлкен салмағы. Салмақта өрт сөндіргіштің құрылымдық салмағы болуы тиіс және өрт сөндіру зарядының массасы болуы тиіс;

п) өрт сөндіру құрылғысын қолдану кезінде және оның жұмысқа қабілеттілігін сақтауға арналған нұсқаулар мысалы: «Өрт сөндіргішті толығымен немесе бөлшекті қолданғаннан кейін қайта зарядтау» Бір рет пайдаланатын өрт сөндіргіштер үшін: «Қолданғаннан кейін дереу ауыстыру керек»; «Кезеңді тексеріп тұру қажет ….» тексеру кезеңділігі көрсетілген болуы тиіс;

р) дайындалған айы мен жылы;

с) зауыт-дайындаушы кепілдігі.

5.7.4 Жарамдылық бақылауы өлшеп есептелетін өрт сөндіргіштерге оның өрт сөндіргіш зарядынсыз құрылымдық салмағын көрсетеді.

5.7.5 Жоғары қысымдағы баллондарда (сауыт) жоғарыда көрсетілген мәліметтерден басқа Кеден одағының техникалық регламентіне «Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» сәйкес келетін таңбалар түсірілген болуы тиіс.

Түсірілген таңбалар анық көрінетін болуы тиіс және лак бояу және қорғау жабындыларынан кейін оқылатын болуы тиіс.

5.7.6 а) - в); г) - д); е) - к); л) - п); р) - с) 5.7.3 көрсетілген жазбаларды сәйкес бес бөлек бөліктерге біріктіру ұсынылады.

5.7.7 негізгі айтылған б); е) - к) 5.7.3 таңбалар қорғалған нысанада өрт сөндіргіште жақсы айқын көрінуі тиіс.

л) - п) және р) - с) 5.7.3 айтылған жазбаларды өрт сөндіргіштің қарама-қарсы бетіне түсіруге болады.

Егер өрт сөндіруші заттың корпусына л) - п) 5.7.3 мәліметтер жазу мүмкіндігі болмаса онда өрт сөндіргіш төлқұжатында көрсетілуге рұқсат етіледі.

5.7.8 Зат белгінің биіктігі (300 ұ 5)мм кем болмауы тиіс.

5.7.9 Ығыстырушы газды сақтауға арналған жоғары қысымды баллондарда деректер жазылуы тиіс:

а) зарядталған газ атауы мен салмағы (рұқсат етілген ауытқу шегі көрсетілген, грамм мөлшерінде);

б) [2] талаптарға сәйкес келетін мәліметтер.

5.7.10 Газтүрлендіргіш құрылғыда мыналар белгіленген болуы тиіс:

а) дайындаушы зауыт атауы мен тауарлық белгісі;

б) газтүрлендіргіш құрылғының белгілері;

в) газтүрлендіргіш құрылғы дайындалған нормативті техникалық құжаттың белгісі (егер газ түрлендіргіш құрылғының белгісінде көрсетілмеген болса).

Газ түрлендіргіш құрылғының төлқұжатында мыналар көрсетіледі:

а) қалыпты жағдайларға алып келетін түзілген газ көлемі;

б) топтама номері;

в) дайындалған айы мен жылы.

5.7.11 Өрт сөндіргіш корпусындағы және ығыстырушы газ көзінің корпусында таңбалауды оның жарамдылық мерзімінің барлық кезінде сақталуын қамтамасыз ететін әдістермен жүзеге асырады.

Газтүрлендіргіш элементтің немесе құрылғының сонымен қатар шығарылған күні (немесе топтама номері) оны пайдаланғаннан кейін сақталынып қалуы тиіс.

Өрт сөндіргіш затының әсерінен қорғалмаған қағаз затбелгілерді қолдануға тыйым салынады.

5.7.12 Біртипті өрт сөндіру затымен зарядталған (мысалы ұнтақты құрамдармен) дайындалуы бойынша немесе бастиегінің құрастырылымында айырмашылық болатын өрт сөндіргіштердің модельдері үшін бірақ өрттің әртүрлі кластарын сөндіруге арналған (мысалы ГОСТ 27331 бойынша А, В және С өрт класты өртті сөндіруге арналған ұнтақ құрамды болса, сонымен бірге ГОСТ 27331 бойынша В және С өрт сөндіру ошақтарын сөндіруге арналған болған болса оларға бөлек нақты түрдегі өрт сөндіргіш таңбасы түсірілуі тиіс.

Зарядталған өрт сөндіргіштің таңбасы және өрт сөндіру ошақтарының деңгейлері жазылған бөлек затбелгі қолдануға рұқсат беріледі (егер өрт сөндіргіш қажет болған өрт кластарының тізімі өзгермеген болса)

5.7.13 Өрт сөндіргіш затбелгісіне өрт сөндіргіш затының шығарылған күні мен салмағынан басқа қандай да бір баспаханалық емес белгілер түсіруге тыйым салынады.

5.7.14 Өрт сөндіргіш затын қайта зарядтағаннан кейін қосымша заттаңба ретінде өрт сөндіргіш затқа таңба түсірілуі тиіс және онда мыналар көрсетілуі тиіс:

а) Өрт сөндіргішті қайта зарядтаған ұйымның тауарлық белгісі және мекен-жайы;

б) зарядталған өрт сөндіргіш заттың таңбасы мен салмағы;

в) берілген өрт сөндіргіштермен өрт ошақтарының деңгейлері (егер де олар өрт сөндіргіштерді қайта зарядтаған кезде өзгерген болса);

г) қайта зарядталған күні;

д) жүргізілген күні және гидравликалық сынақты жүргізуге арналған күн (егер жүргізілген болса).

5.7.15 *Өрт сөндіру құрылғысының тасымалдау ыдысын таңбалау және түрі дайындаушы-кәсіпорын және тұтынушы арасындағы келісім бойынша анықталады.*

5.7.16 Ыдыс немесе орамаға ГОСТ 14192 талаптарына тиісті тасымалдау таңбалау түсіріледі.

5.7.17 *Әрбір ыдыс немесе орамаға тасымалдау және сақтау кезінде дұрыс қолдануға «Байқаңыз, сынғыш!», «Жоғары, домалатпау!» және «Қыздырудан қорқады» белгілері бар ГОСТ 14192 бойынша айла шарғы белгілері түсірілуі керек.*

5.7.18 *Механикалық зақымдардан, атмосфералық тұнбалардан, тікелей күн сәулелерінен қорғауды қамтамасыз ететін кезінде ыдыс жоқ өрт сөндіру құрылғыны тасымалдау рұқсат етіледі. Осы кезде өрт сөндіру бір біріне тығыз жабысатын және (немесе) қатты негіздемеге, бір қатар тік қондырылады.*

Өрт сөндіру құрылғысының байланысты беттері тасымалдау кезінде механикалық зақымдар мүмкіндігін жоятын кез келген тығыздалатын материалмен қорғалуы керек

5.7.19 *Өрт сөндіру құрылғылары мен оның элементтеріне нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама «Е» немесе «Б» орама қағазға және ГОСТ 9569 бойынша «БП-5» парафин қағазға немесе полиэтилен пакетіне буып-түйілуі және өрт сөндіру құрылғысының жәшігінде немесе корпусында сенімді бекітілуі керек.*

6 Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары

6.1 *Пайдаланған кезде, техникалық қызмет көрсетуде, сынақтарда және өрт сөндіргіштерді жөндеу жұмыстары кезінде осы стандарттың ҚР СТ 1487,* ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.037, [2], [5] *қауіпсіздік талаптары және басқа да стандарттау бойынша және нақты түрпаттағы өрт сөндіргіштердің нормативтік техникалық құжаттарына сәйкес қауіпсіздік талаптары сақталынуы тиіс.*

6.2 *Өрт сөндіргіште зарядталған өрт сөндіргіш заттары эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) қауіпсіздік көрсеткіштеріне жататын Бірыңғай санитарлы-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.*

Өрт сөндіру заты адам өмірі мен денсаулығына қауіп тудырмауы тиіс.

Өрт сөндіру затының қауіпсіздігі жүргізілген зерттеулердің (сынақ) негізінде зерттеу хаттамасымен расталған болуы тиіс (сынақ).

6.3 Қолданысқа өрт сөндіру құрылғыларын қолмен жүргізу механизмі санкцияланбаған әсерін жоятын блоктанған тіркеуішпен жабдықталады.

Зарядталған өрт сөндіргіште блоктаушы фиксатор өрт сөндіргіш құралын блоктаушы фиксатордың көмегінсіз және оның пломбалау жүйесінің бұзылмайтындай пломбалануы тиіс.

6.4 Иілгіш шлангасы бар көміртекті өрт сөндіргіштің кең балағында ұстағыш немесе оператордың қолын мұздатудан қорғауға арналған қорғаушы өкшаулағыш болуы тиіс.

6.5 Кең балақпен жабдықталған, сыртқы бет қабатында диэлектрикалық қорғауға сәйкес келмейтін металдан жасалған көміртекті өрт сөндіргіштің кең балағын кернеу астындағы өрт сөндіруге арналған электр құрылғыларын сөндіруге қолдануға тыйым салынады.

6.6 *Сынақ немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу жерлерінде «Өндірістік объектілерде сигнал түстеріне, өлшемдері мен қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті және түсіндіретін жазбасы бар «Сынақтар жүргізіліп жатыр!» ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес «Қауіптілік. Назар аударыңыз» ескертпе белгілері қондырылып, сондай-ақ нұсқаулықтар мен қауіпсіздік ережелері ілінуі керек.*

6.7 *Техникалық қызмет көрсету, сынақтар, өрт сөндіру құрылғысын және оның элементтерін жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін бөлмелер ГОСТ 12.4.021 бойынша тартылым-келтірім желдеткішпен жабдықталып, [3] талаптарына сәйкес жарықтануы мен [8] талаптарына сәйкес жылытуы бар болуы керек.*

6.8 *Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмытар, сынақтарға және өрт сөндіру заттарының жөндеу жұмыстарына төмендегілерден өткен тұлғалар жіберіледі:*

а) *ГОСТ 12.0.004 және ГОСТ 12.0.230 бойынша еңбектің қауіпсіз әдісін оқыту және арнайы нұсқау беру;*

б) *медициналық байқаулар қолданыстағы заңнамамен жүзеге асырылады.*

6.9 *От сынақтарды жүргізу кезінде операторларда ГОСТ 12.4.011 талаптарына тиісті көз бен тері беті, дем алу органдары қорғанысының құралдары бар болуы керек.*

6.10 Пайдалану кезінде және жөндеу жұмыстары кезінде мыналарға тыйым салынады:

а) өрт сөндіргішті механикалық ақаулары бар манометрмен немесе қысым индикаторымен пайдалануға;

б) өрт сөндіргіш балонындағы (сауыт) немесе газ түрлендіргіш құрылғының жөндеу жұмыстарының орындалуын жүзеге асыруға;

в) ығыстырушы газбен толтырылған өрт сөндіргіш корпусын қысым реттеуші және манометрі бар көзден алыс ұстау керек;

г) өрт сөндіргіш затының ағынын жақын орналасқан адамдарға қарай бақыттайды.

7 Қабылдау ережелері

7.1 Өрт сөндіргіштер келесі сынақтардың түріне ұшырайды:

а) қабылдау;

б) біліктілік;

в) қабылдау-тапсыру;

г) кезеңдік;

д) типтік;

е) сертификаттау.

7.2 Өрт сөндіру модульдерінің қабылдау сынақтары тәжірибелі топтама үлгілерінде жүргізіледі. Қабылдау сынақтарының көлемі және жүргізу әдістемесі дайындаушы — кәсіпорнымен әзірленеді және өнімнің өндірушісімен келісіледі.

7.3 Өрт сөндіру модульдерінің біліктілік сынақтары өнім шығарылымына кәсіпорынның дайындығын анықтау мақсатында қондырғы сериясының немесе бірінші өнеркәсіптік топтама үлгілерінде жүргізіледі.

7.4 Қабылдау-тапсыру сынақтары кәсіпорынымен жүргізілді – тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жеткізуге нақты тұрпатты өрт сөндіру модулінің жарамдылық туралы шешімін қабылдау мақсатында дайындаушы-кәсіпорнымен жүргізіледі.

7.5 Кезеңділік сынақтар үш жылда бір реттен сирек емес техникалық процестің және өнім сапасының тұрақтылығын бақылау мақсатында қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен нақты тұрпатты өрт сөндіру модульдерінде жүргізіледі.

7.6 Тұрпаттық сынақтар өрт сөндіру модульдерінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлерге әсер етуге қабілеті бар құрылымға немесе дайындау технологиясына өзгерістерді енгізу кезінде жүргізіледі.

7.7 *Сертификаттау сынақтарына осы стандарттың* [2], [5] *талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында, сонымен қатар нақты тұрпаттағы өрт сөндіргіштің пайдалану құжаттары жатады.*

Өрт сөндіргіштердің сертификаттау сынақтарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде тіркелген меншік пішішіне тәуелсіз сынақ зертханалары жүргізеді.

Өрт сөндіргіштердің сертификаттау сынақтарын жүргізу тәртібі [6] *талаптарына сәйкес болуға тиіс.*

7.8 *Өрт сөндіргіштердің бақылау сынақтарының басқа түрлері ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы-зауытпен және әзірлеушімен әзірленген бағдарлама бойынша дайындаушы-зауытпен жүргізіледі.*

7.9 *Өрт сөндіру модульдерінің қабылдау-тапсыру, кезеңділік және сертификаттау сынақтарын жүргізу көлемін Б қосымшасының Б.1 кестесіне сәйкес қабылдауға тиіс.*

7.10 Сынақтардың кез келген түрі бойынша жағымсыз нәтижелер алынған кезде сыналатын үлгілердің саны екі есе өсіріледі және сынақтар толық көлемде қайталанады «алынған сынақ нәтижелері оң немесе теріс болып табылатын сертификатталған сынақтардан басқалары).

Қайта жағымсыз нәтижелер алынған кезде сынақтарды бұдан әрі қарай жүргізу себептер табылғанға және табылған ақауларды жоюға дейін тоқтатылады.

Қайта сынақтар нәтижелері соңғы болып табылады және барлық сыналатын өнімге таралады.

8 Сынақ әдістері

8.1 сынақ шарттары

8.1.1 Егер белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасы талаптарында келісілмесе, сынақтар ГОСТ 15150-69 (3.15 тармақты қараңыз) талаптарына сәйкес нормалы климаттық шарттарда жүргізілуге тиіс.

8.1.2 Сынаққа арналған сынама үлгілерін ГОСТ 18321 және [1] талаптарына сәйкес жүргізеді.

8.2 *Сынақ құралдары*

8.2.1 *Сынақ кезінде қолданылатын өлшеу құралдарында ҚР СТ 2.21 сәйкес тұрпатты бекіту туралы сертификаты немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттауы болуы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйелерінің тікте сенімді өкіл тізілімінде тіркелуі және (немесе) ҚР СТ 2.4 сәйкес тексерілуі керек.*

8.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер ететін факторларды және (немесе) жүктемені қайталайтын сынақ жабдығы* ҚР СТ 2.75 сәйкес *аттестаталуы керек.*

8.2.3 *Сынақтарды жүргізу үшін 8.2.1 және 8.2.2 талаптыран сәйкес, ұқсас метрологиялық сипаттамалары бар және сыртқы әсер ететін факторларды және (немесе) жүктемені қайталайтын, осы стандартта берілген өлшеу құралдары қолданылуға тиіс.*

8.3 Сынақ жүргізу

8.3.1 ГОСТ 27331 бойыншаА класты модельді өрт ошағын сөндіру бойынша өрт сөндіргіштің өрт сөндіру қабілеттілігін анықтау бойынша сынақ

8.3.1.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) ГОСТ 27331 бойынша А классының өрт модельді ошағы текше түрде ағаш қатарын ұсынады. А классының өрт модельді ошағының сұлбасын Г қосымшасының Г.1 суретіне сәйкес қабылдайды. Қатарлығын ара қашықтығы қатар негізінен ГОСТ 8510 еденге дейін (400 ұ 10) мм құралатындай түрде бетонды блоктарда немесе қытты метал тіреуіштерде қондырылған ГОСТ 8510 бойына екі болат бұрыштарда орналастырады. Тіреуіш өлшемдері Г қосымшасының Г.1-кестесіне сәйкес, бірақ кесектің ұзындығынан кем емес остің модельді ошағының өлшемдеріне сәйкес анықталады.

Жанғыш материал ретінде ұзындығы Г қосымшасының Г.*1-кестесіне* және қимасы (40 ұ 1) мм сәйкес ГОСТ 8486 бойынша 3-ші сұрыптан төмен емес ағаштың қылқан түрінің кесектерін пайдаланады. Ағаш материалдың ылғалдығы ГОСТ 16588 бойынша 10 %-дан 14 % дейін шектерде болуы керек. Қатардың сыртқы шектерін пайда болдыратын

кесектер қапсырмалармен немесе шегелермен төзімділік үшін бекітуге рұқсат етіледі. Кесектің әрбір кейінгі қабаты төмен жататын қабатының кесектеріне перпендикулярды болатынжа қатарлап салады, осы кезде барлық көлемі бойынша тікбұрышты қимасының каналдарын пайда болдыру керек. Жанғыш сұйықтылығына арналған және қатарының астына салынған металл асты Г қосымшысының Г.*2 – кестесіне* сәйкес өлшемдер бар болуы керек.

б) ҚР СТ 1721 бойынша этилденбеген бензин;

в) ГОСТ 2874 бойынша ауыз су*;*

г) *ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар;*

д) ГОСТ 7193 бойынша анемометр*;*

е) *ГОСТ 13646 бойынша термометр;*

ж) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.1.2 Сынаққа дайындық

Сынақтарды мөлшері **1600 м^3** биіктігі 7 м болатын бөлмеде немесе нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысын пайдалану температуралардың ауқымының шегінен шықпайтын қоршаған ортаның температурасы кезінде тұнбалардың қалдығында 5м/с аспайтын желдің жылдамдығында ашық сынақталған алаңшасында жүргізіледі.

Сынақ алаңшасында белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес деңгейінің өрт модельді ошағын белгілейді.

Табандықты қатар ортасы мен табандығы үйлесетін түрде қатар астында салады. Қатарды табандықтың түбіне қатысты тік қояды. Табандыққа Г қосымшасының Г.2-кестесіне сәйкес мөлшерде этил емес бензин мен су қабатын құяды.

Өрт сөндіру құрылғысын ошақтан белгіленген ара қашықтықта орналастырады.

8.3.1.3 Сынақты жүргізу

Табандықта этил емес бензинді жандырады. Этил емес бензин (2 ұ 0,5) мин жанудан кейін қатардан бензин бар табандықты алып тастайды.

Табандық қатардан алынған сәтінен (7 ұ 1) мин кейін қатар барлық жағынан жалындап тұрған шарттаржа өрттің модельді ошағын сөндіреді.

Бензиннің және ағаш қатарының жалпы жану уақыты (9 ± 1) мин құрастыру керек.

Ығыстырушы газ көзімен өрт сөндіргішті үрлеу өшірудің алдында жүзеге асады.

Өрт сөндіруді оператор үшін ыңғайлы ара қашықтыққа байланысты модельді ошақтың фасадынан бастайды.

Өр сөндіру процесі кезінде өшіруді тиімді ету үшін оператор өрттің модельді ошағына дейінгі ара қашықтықты өзгерте алады.

Өрт сөндіру кезінде штабельдің әр жағынан өрт сөндіргіш заттың ағысын жоғарыға және төменге бағыттайды (тек бір бүйір жағынан және штабельдің төменгі беткі қабатынан басқалары).

Тиімді өрт сөндіруге қол жеткізу үшін өр сөндіру затының өр ошағына берілуін тоқтату қажет.

Өрттің модельді ошағын сөндіру барынша уақыты (10 ± 1) мин аспауы керек.

А классының модельді ошағын сөндіру ГОСТ 27331 бойынша көзбен шолып анықталады.

Үш сынақтардан кем емес жүргізіледі.

Егер алғашқы екі сынақтың нәтижесі оң болатын болса модельді өрт сөндіргіш ошағын өшіру сынағы бойынша үшінші сынақты жүргізбеуге рұқсат беріледі.

8.3.1.4 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп қабылдайды, егер:

а) *сынақ нәтижелері 5.1.2 талаптарына сәйкес;*

б егер үштен екі сынақтарда модельді ошақ сөндірілген болса.

в) сөндіруден кейін *(10 ± 1) мин ішінде өрттің модельді ошағының қайталама жануы жоқ болса сынақтан өткен болып саналады.*

8.3.2 ГОСТ 27331бойынша В класты модельді өрт ошақтарын сөндіру бойынша өрт сөндіру қабілеттілігін анықтауға арналған сынақ

8.3.2.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) ГОСТ 27331 бойынша В классының өрт модельді ошағы Г қосымшасының Г.3-кестесіне сәйкес өлшемімен, табақты болаттан дайындалған дөңгелек жайпақ қаңылтыр табаны ұсынады;

б) жанғыш материал ретінде ҚР СТ 1721 талаптарына сәйкес этилді емес бензин қолданылады;

в) ГОСТ 2874 бойынша ауыз су;

г) *ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар;*

д) *ГОСТ 7193 бойынша анемометр;*

е) *ГОСТ 13646 бойынша термометр*;

ж) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.2.2 Сынаққа дайындық

Сынақтарды мөлшері 1600 м3 биіктігі 7 м болатын бөлмеде немесе нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысын пайдалану температуралардың ауқымының шегінен шықпайтын қоршаған ортаның температурасы кезінде тұнбалардың қалдығында 5м/с аспайтын желдің жылдамдығында ашық сынақталған алаңшасында жүргізіледі.

Сынақ алаңшасында белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес деңгейінің өрт модельді ошағын белгілейді.

Табандықты қатар ортасы мен табандығы үйлесетін түрде қатар астында салады. Қатарды табандықтың түбіне қатысты тік қояды. Табандыққа Г қосымшасының Г.2-кестесіне сәйкес мөлшерде этил емес бензин мен су қабатын құяды.

Өрт сөндіру құрылғысын ошақтан белгіленген ара қашықтықта орналастырады.

Ескертпе - *Өрт ошағының деңгейін белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес белгіленген өрт сөндіру құрылғысының В классының өрт барынша ошағын сөндіру мүмкіндігінен шыға анықталады.*

233В артық деңгейдегі өр ошақтарын сөндіре алатын өрт сөндіргіш затының 50 кг артық болатын өрт сөндіргіштер үшін Д сынақты күрделі ошақтарда жүргізеді.

Өрттің күрделі ошақтары 233В деңгейдегі базалық ошақтан тұрады және 21В деңгейден тұратын қосымша ошақтардан тұрады. Қосымша ошақтар базалық ошақтың айналасында әр түрлі бұрыштармен (жоспарда) тығыз (бүйірге бүйір) *Г қосымшасының Г.1 кестесіне* сәйкес орналасады.

Өрт сөндіргішті өрт ошағынан тыс қауіпсіз жерге оны сынаққа дайындау үшін ыңғайлы болуы үшін орналастырады.

8.3.2.3 Сынақты жүргізу

Шырақ арқылы қаңылтыр табада этил емес бензинді жандырады.

Бос жану уақытын (60 ± 5) с кем емес бабына келтіреді.

Өрт сөндіру құрылғысы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес күшіне енгізіледі.

Өрт ошақтарын өшіруді модельді ошақтың деңгейіне байланысты және өрт сөндіргіш затының ағысының ұзындығына байланысты операторға ыңғайлы ара қашықтықтан бастайды.

Өрт сөндіру процесі кезінде оператор модельді өрт ошағына дейінгі арақашықтықты өзгертуіне болады.

Өрт сөндіру процесі кезінде:

а) операторға модельді өрт ошақтарын басуға тыйым салынады;

б) белгілейді:

- өрт сөндіру затының берілу уақыты;

- В по ГОСТ 27331 бойынша В класты модельді өрт ошақтарын өшіру фактісі өрт сөндіру нәтижелерін көзбен шолу арқылы бақыланады.

Өрт сөндіруді тоқтатқаннан кейін екінші тұтануға дейінгі уақытты белгілейді.

ГОСТ 27331 бойынша В класының модельді ошағы (60 ұ 5) с ішінде өздігінен тұтануы басталатын болса өшірілген деп есептеледі.

Үш сынақтан кем емес сынақ жүргізіледі.

Егер алғашқы екі сынақтың нәтижесі оң болатын болса модельді өрт сөндіргіш ошағын өшіру сынағы бойынша үшінші сынақты жүргізбеуге рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Әрбір сынақтан кейін қаңылтыр табақтағы құрамын жойып, табақты этил емес бензиннің өздігінен жану температурасынан төмен температурасына дейін салқындатады және Г қосымшасының Г.3-кестесіне сәйкес қаңылтыр табағының құрамын толықтай жаңартады.

8.3.2.4 Сынақ нәтижелері

Өрт сөндіру құрылғылары:

а) сынақ нәтижелері *5.1.2 талаптарына сәйкес болса;*

б) егер үштен екі сынақтарда модельді ошақ сөндірілген болса.

в) сөндіруден кейін *(60 ± 5) с ішінде өрттің модельді ошағының қайталам жануы жоқ болса сынақтан өткен болып саналады.*

8.3.3 Өрт сөндіруші газ баллоны (сауыт) немесе газды түрлендіруші құрылғымен олардың іске қосылуының уақытын анықтауға арналған сынақ, және газ түрлендіргіш құрылғының іске қосылуының өрт сөндіруші затқа түсуі

8.3.3.1 *Өлшеу құралдары:*

а) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер;*

б) *өлшеу кінараты 0,1 кг болатын таразылар;*

в) ұяшық мөлшері 3 мм артық емес сито.

8.3.3.2 *Сынақты жүргізу*

Сынақты жүргізу үшін өрт сөндіргіш заты бар өрт сөндіргішті алдын ала өлшеп алады.

Секундомерді қосады және бір мезгілде өрт сөндіргішті көліктік күйден жұмыстық күйге келтіреді, саптамалы немесе ұңғымалы шлангаларды босатады, газ баллонды немесе газ түрлендіргіш құрылғысының жіберілуін құрылғының механизміне әсер етеді.

20с немесе 30 с өткеннен кейін өрт сөндіргіш затының массасына байланысты секундомердің қосылу моментінен бастап бекіту - іске қосу құрылғысын ашады және өрт сөндіргіштің зарядталуын қамтамасыз етеді.

5.2.13 талаптарына сай келуі тиіс өрт сөндіргіш заттарының қалдығын анықтайды.

Газ түрлендіруші құрылғымесынан өрт сөндіру затын шығарғаннан кейін өрт сөндіргішті ашады және өрт сөндіргіш затының қатты жанған қалдықтарын газ түрлендіруші құрылғының заряды немесе олардың фрагменттері бар болуын анықтау үшін өрт сөндіргіш затының қалдықтарын сито арқылы себелейді.

8.3.3.3 Сынақ нәтижелері

Өрт сөндіру құрылғысы, егер сынақ нәтижелері 5.1.3, 5.2.4, 5.2.5 және 5.2.13. талаптарына сәйкес болса, сынақтан өткен болып саналады.

8.3.4 Жұмыстық қысымды іске қосу бойынша және үрлеу қысымын төмен түсіруде жұмыстық жиынтық қысымның ұзақтылығын анықтауға арналған сынақ

8.3.4.1 *Өлшеу құралдары:*

а) *ГОСТ 2405 бойынша манометр*;

б) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер*

8.3.4.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіруші газ баллоны (сауыт) немесе газды түрлендіруші құрылғымен олардың іске қосылуының уақытын анықтауға арналған сынақ, және газ түрлендіргіш құрылғының іске қосылуының өрт сөндіруші затқа түсуі ығыстырушы газдың жұмыстық қысым жиынтығының ұзақтылығы арқылы анықталады.

Сынақты өткізу алдында өрт сөндіргішке манометр орналастырады.

Ығыстырушы газдың орнын айқындау үшін газ түрлендіргіш құрылғысы бар өрт сөндіргішті қолдануға рұқсат беріледі, сынақ кезінде түгелімен ыдысқа салады немесе бөлшектің барлық қосылған жерлерін сабындайды.

8.3.4.3 *Сынақты жүргізу*

Блоктаушы фиксаторды іске қосушы құрылғыдан шығарады және бір уақытта секундомерді қосады.

Газ баллонды ашады немесе газ түрлендіргіш құрылғыны іске қосады және ығыстырушы габен зарядталған өрт сөндіргішті үрлейді, бірақ өрт сөндіргіш зарядын шығармайды.

Өрт сөндіргіш корпусындағы қысым жұмыстық мәнге ие болған кезде бір секундомерді тоқтатады.

Қысымның жоғарылауын тоқтатқаннан кейін оның мәнін белгілеп алады және екінші секундомерді қосады.

15 минуттан кейін екінші рет қысым мәнін өлшеп алады.

Ескертпе – Газ түрлендіргіш құрылғысы бар өрт сөндіргіштер үшін қысымның түсуінің мәнін есептеуді оны іске қосқаннан кейін 15 минуттан кейін жүзеге асырады.

8.3.4.4 Сынақ нәтижелері

Қысым жиынтығының ұзақтылығы жұмыстық мәнге дейін өрт сөндірушінің блоктаушы фиксаторына дейін 5.1.3 талаптарынан аспайтын болса, ал қысымның түсуі 15 минут ішінде $P_{жұм.}$ номиналды мәннен 10 % артық емес болатын болса өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп есептейді.

8.3.5 Өрт сөндіру затының ағысының ұзындығын анықтауға арналған сынақ

8.3.5.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) *сынақтар нәтижелерін тіркеуге арналған видеоаппаратура;*

б) *ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар;*

в) *ГОСТ 7193 бойынша анемометр;*

г) *ГОСТ 13646 бойынша термометр*;

д) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер;*

е) ГОСТ 27331 бойынша В классының өрт модельді ошағы Г қосымшасының Г.3-кестесіне сәйкес өлшемімен, табақты болаттан дайындалған дөңгелек жайпақ қаңылтыр табаны ұсынады;

ж) жанғыш материал ретінде ҚР СТ 1721 талаптарына сәйкес этилді емес бензин қолданылады;

и) ГОСТ 2874 бойынша ауыз су;

8.3.5.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру затын беру жылдамдығын белгілеу бойынша сынақтар нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысын пайдалану температуралардың ауқымының шегінен шықпайтын қоршаған ортаның температурасы кезінде тұнбалардың қалдығында 3 м/с аспайтын желдің жылдамдығында ашық сынақталған алаңшасында жүргізіледі.

Сынақтарды жүргізуге арналған бөлме өрт сөндіру құрылғысынан өрт сөндіруінің өтуі процесін көзбен шолып мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетту жарықтану, қабырға мен еденнің белгісімен жабдықталады.

Ара қашықтығы (1,0 ұ 0,1) м белгісін тік және көлденең тегістіліге түсіріледі

Өрт сөндіру құрылғысының саптама-шашыратқышы (өзегі) ара қашықтығы (1,0 ұ 0,1) м көп емес осы тегістікте көлденеңнен орналастырады.

8.3.5.3 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргішті іс әрекетке келтіреді және өрт сөндіргіш затының толықтай ажырауын жүзеге асырады.

Өрт сөндіргіш заттың ағынының ұзындығын көзбен шолып байқағанда көлденеңнен алғандағы ара-қашықтықта өрт сөндіргіштің кесілген проекциясынан өрт сөндіргіш заттың негізгі таратушы салмағына дейін көзбен шолып бақылайды.

Өрт сөндіргіш заттың ағынының ұзындығын 0,5м дәлдікке дейін анықтайды.

Егер көрсетілген әдіс арқылы өрт сөндіргіш заттың ұзындығын анықтауға мүмкіндік болмаған кезде ағын ұзындығын В класты өрт сөндіргіш модельді ошақтар арқылы анықтауға рұқсат етіледі.

Бұл үшін Г қосымшасындағы Г3 кестесіне сәйкес 1В дәрежелі соделді ошақтар қолданылады.

Табақшаларды өрт сөндіргіш затының осінен бойлай жерге орналастырады.

Бірінші табақша (өрт сөндіргішке жақын) өрт сөндіргіш заттың ағынының ең кіші ұзындығы ара-қашықтығында орналастырады, ал басқаларын бір-бірінен 0,5 м ара қашықтықта орналастырады.

Табақшалар өрт сөндіргіш заттың ағыны әсерінен араласып кетпеуі тиіс.

Өрт сөндіргіш затты жұмыстық қалыпқа келтіреді өрт сөндіргіштің саптамасын жер бетінен (1,0 ± 0,1) м биіктікте орналастырады.

Факелдің көмегімен табақшалардағы жанатын сұйықтарды жандырады 10 с ұстап тұрады пайдалану шарттарына сәйкес өрт сөндіргішті зарядтайды.

Өрт сөндіру кезінде өрт сөндіргіш затының саптамасын біріншідегі сияқты тиімді өрт сөндіруін қамтамасыз етуге рұқсат етіледі.

Сынақты үш реттен кем емес уақыт жүргізеді.

Сынақ жүргізу кезінде бейне бақылау жүргізу ұсынылады.

Өрт сөндіргіш затының ағынының ұзындығы үшін өрт сөндіргіш затының кесілген жерінің проекциясынан горизонтальді түрдегі ара-қашықтықта өрт ошағының алыстатылған жеріне дейін қабылдайды.

8.3.5.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.4 талаптарына сәйкес келетін болса, сынақты өткен деп есептеледі.

8.3.6 Өрт сөндіру затының үзіліссіз берілуінің ұзақтылығын анықтауға арналған сынақ және өрт сөндіру затын беруді жаңарту

8.3.6.1 *Өлшеу құралдары:*

а) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер;*

б) *өлшеу кінараты 0,1 кг болатын таразылар;*

8.3.6.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргіш затының үзіліссіз берілуінің ұзақтығын келесі әдістердің бірі арқылы анықтайды:

а) Өрт сөндіргішті өлшейді (M_1), жұмыс қалпына келтіреді, пайдалану шарттары бойынша іс әрекетке келтіреді.

2 кестеде көрсетілген нақты тұрпаттағы өрт сөндіргішке арналған үзіліссіз өрт сөндіргіш затын шығаруды жүзеге асырады.

Одан кейін өрт сөндіргіш заттың берілуін тоқтатады және өрт сөндіргіш затты өлшейді (M_2).

Одан кейін қайтадан өрт сөндіргіш заттың шығуын оның толық бітіп қалғанына дейін жаңартады және өрт сөндіргішті өлшейді (M_3).

Бірінші және екінші өлшеулердің арасынан шаққан өрт сөндіргіш заттың салмағын ($M_{ж}$) мына өрнек бойынша есептейді (2):

$$M_{ж} = \frac{(M_1 - M_2)}{(M_1 - M_3)} \cdot 100\ \% \qquad (2)$$

Өрт сөндіргіш заттың салмағы ($M_{ж}$), % 70 % кем емес құрауы тиіс, бірақ өрт сөндіргіш затынана шығатын жалпы салмағынан 95 % артық болмауы тиіс.

б) Беру ұзақтығын жеңілдетілген әдіспен анықтауға мүмкіндік беріледі.

Пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес өрт сөндіргішті іске қосады.

Өрт сөндіргіш затың шығаруды бастайды және секундомердің көмегімен саптама-шашыратқыштың (өзек) өрт сөндіргіш затының өрт сөндіргіштен шығу моментіне дейін ығыстырушы газбен зарядталған өрт сөндіргіш заттың ағынының уақытын есептейді. Мүмкіндікті анықтауға арналған сынақтарды және өрт сөндіргіш заттың беруін жаңартуды кезеңдік режимде тоғынан айыратын зарядталған өрт сөндіргіште жүзеге асырады.

Өрт сөндіргішті іске қосады бекіткіш-іске қосу құрылғысының клапанын ашады және өрт сөндіргіш заттың шығарылуын 5 с уақыт аралығында жүзеге асырады.

Одан кейін клапанды 5 с жауып қояды, одан кейін 5 с кейін қайта ашады өрт сөндіргіштен өрт сөндіргіш заты шыққанға дейін жалғаса береді.

Сынақ процесінде бекіткіш іске қосу құралының немесе өрт сөндіргіш заттың шығысында оның берілуі тоқтатылған кезде қысып калуды болдырмау керек.

8.3.6.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.5 және 5.2.12 талаптарына сәйкес келетін болса, сынақты өткен деп есептеледі.

8.3.7 Көбіктің дүркінділік мәнін анықтауға арналған сынақ

8.3.7.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) ГОСТ 1770 бойынша өлшеуіш зертханалық ыдыс(цилиндр);

б) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер;*

в) ГОСТ 24104 бойынша зертхана таразылары;

8.3.7.2 *Сынақты жүргізу*

Көбік еселігінің мәнін оны сыйымдылығы 200 $дм^3$ кем емес өлшеуіш ыдысты толтыру арқылы анықтайды, сонымен қатар бос өлшеуіш ыдыстың салмағы белгілі болуы тиіс.

Зарядталған өрт сөндіргішті пайдалану шарттарын нұсқаулыққа сәйкес іс әрекетке келтіреді және 6с кейін бекіткіш құрылғының клапанының түгелдей ашық кезінде өлшеуіш ыдысты штангалық генератордың көмегі арқылы көбіктің орташа еселігінде толтыруды жүзеге асырады.

Көбіктің қабаты ауа көпіршіктерінсіз тегіс болуы тиіс.

Өлшеуіш ыдысты түгелдей көбікпен толтырады және оның салмағын анықтайды.

Көбік еселігінің мәнін (*К*), мына өрнек бойынша анықтайды(3) :

$$K = \frac{V_{\text{п}}}{V_{p}} \qquad (3)$$

Мұнда $V_{\text{п}}$ – көбік көлемі, дм^3;
$V_{\text{р}}$ – көбікте болатын ерітінді көлемі, дм^3.

Көбікте болатын ерітіндінің көлемі үшін толтырылған салмақ пен бос өлшеуіш ыдыстың салмағының айырмашылығын қабылдайды (кг).

8.3.7.3 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп қабылдайды, егер:

а) *Сынақ нәтижелері 5.1.7талаптарына сәйкес келеді;*

б) көбік *еселігінің мәні нақты тұрпаттағы өрт сөндіргіш затының пайдаланушы құжаттарында келтірілген мәнге сәйкес болады.*

8.3.8 Өрт сөндіргіш затымен өрт сөндірушіні толтыру коэффиценті мен өрт сөндіру затының зарядының салмағын анықтауға арналған сынақ

8.3.8.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) ГОСТ 1770 бойынша зертханалық өлшеу ыдысы (цилиндр);

б) ГОСТ 2874 бойынша ауыз су;

в) ГОСТ 13646 бойынша термометр;

г) *өлшеу кінараты 0,1 кг болатын таразылар.*

8.3.8.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіру затын зарядтау салмағы өрт сөндіру затының зарядын шығару және корпусты оның қалдықтарын тазартудан кейін құрылымдық салмағы мен толық жабдықталған өрт сөндіру құрылғы арасындағы айырмашылығы ретінде өлшеніп анықталады.

Су, әуе-көбікті немесе әуе- эмульсиялы өрт сөндіргіштердің көлемін оның корпусынан зарядталған өрт сөндіргішті қайта құю арқылы есептейді және белгісі бар ыдыс арқылы есептейді.

Өрт сөндіргіш затының сыйымдылығын оған тұтас су толтыру арқылы есептейді, өрт сөндіргіш корпусын орнату арқылы өрт сөндіргіштің басын барлық жиынтықтағы элементтерімен бірге орналастырады, өрт сөндіргіш заттың ішіндегі судың артығын төгу арқылы жүзеге асырылады. Бұл көлем өрт сөндіргіш корпусының сыйымдылығын қабылдайды.

Өрт сөндіргіш затын толтыру коэффиценті салмақ пен көлем қатынасы арқылы немесе өрт сөндіргіш заттың өрт сөндіргіш корпусына сыйымдылығының көлемі арқылы есептейді.

8.3.8.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.6 және 5.2.7 талаптарына сәйкес келетін болса, сынақты өткен деп есептеледі.

8.3.9 Жоғары қысымды газды өрт сөндіргіш затының немесе ығыстырушы газдың және баллоннан (сауыт) аққыштығын анықтауға арналған сынақ

8.3.9.1 *Өлшеу құралдары:*

а) ГОСТ 13646 бойынша термометр;

б) *өлшеу кінараты 0,1 кг болатын таразылар.*

8.3.9.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргіш заттың аққыштығын немесе ығыстырушы газ салмағын өрт сөндіргішті немесе газ баллонын (сауыт) өндірушімен бекітілген олардың құрастырылымдық салмағын алып тастау арқылы және өрт сөндіргіш заттың алғашқы салмағымен салыстыру арқылы есептейді.

Өрт сөндіргіш заттың салмағын өрт сөндіргішті немесе газ баллонын (сауыт) 12 ай ұсталғаннан кейін және өндірушімен бекітілген олардың құрастырылымдық салмағын алып тастау арқылы есептейді:

а) қысым индикаторы жоқ жоғары қысымдағы барлық газ баллон (сауыт) типтерінде;

б) көмірқышқылды және суық өрт сөндіргіштерде.

Манометр және 5.2.8 әсеріне тура келетін қысым индикаторларымен жабдықталған ығыстырушы газды жоғары қысымдағы толтырылған өрт сөндіргіштер мен газ баллондарындағы (сауыт) аққыштықтың мәні а) ең алғашқы мәнмен салыстыратын (20 ұ 5) °С температурасында қысымды тікелей өлшеу арқылы анықталады.

Қысым индикаторларымен жабдықталған ығыстырушы газды жоғары қысымдағы толтырылған өрт сөндіргіштер мен газ баллондарындағы (сауыт) аққыштық қысым индикаторының жасыл секторында орналасуы тиіс нұсқармен бақыланады.

8.3.9.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.8 талаптарына сәйкес келетін болса, сынақты өткен деп есептеледі.

8.3.10 Өрт сөндіргішті іске қосу мен оны қозғалтуға арналған күшті анықтауға арналған сынақ

8.3.10.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) *диаметрі* (75 ұ 5) мм және массасы (4,0 ұ 0,1) кг *мм болатын болат цилиндр* ;

б) 300 Н дейін өлшем қателігімен, дәлдік класы 2 артық емес ГОСТ 13837 бойынша динамометр;

в) ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар.

8.3.10.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргішті іс әрекетке келтіретін күштің мәні басқару органдарына әсер еткенде пломбалау жүйесін бұзу немесе іске қосу қондырғысын шығаруды шектік шаманың 10 % артық емес қателігі арқылы жүзеге асырады.

Өрт сөндіргішті іс әрекетке келтіретін немесе оларды басқаратын сақтандырғыш фиксаторды шығару үшін жүктемені күш бағытына қарай орналастырады; тіреуіш типтегі қондырғыға жұмсалатын күшті тіреуіш соңынан оның ұзындығының үштен бір бөлігі болатындай ара қашықтықта орналастырады.

Жіберуші өрт сөндіргіш құрылғысын жұмысты органды (түйме) бойынша соққы энергиясының шамасын оған ерікті түрде (50 ұ 5) мм биіктіктен болат цилиндр құлаған кезде анықтайды.

Болат цилиндр соққысының салдарынан немесе инициирленген газ түрлендіргіш құрылғысы және өрт сөндіргішті ығыстырушы газбен толтыру арқылы газ балонның (сауыт) ашылуы болады.

Зарядталған өрт сөндіргіштің жылжуына күш салуды оны горизонтальды алаңда немесе динамометр арқылы асфальтті жабынды көмегі арқылы доңғалақтармен жылжыту жолы арқылы.

8.3.10.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.11 талаптарына сай келетін болса өрт сөндіргіш сынақтан өтті деп қабылдайды.

8.3.11 Өрт сөндіргіш зарядының толық біткеннен кейінгі оның зарядының салмағын анықтауға арналған сынақ

8.3.11.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақтарды жүргізу үшін өлшеу қателігі 0,05 кг болатын зертханалық таразылар қолданылады.

8.3.11.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіру затының қалдығы ($M_{қал}$), % (4) өрнек бойынша анықталады:

$$M_{қал} = \frac{(M_{раз} - M_{құрылым})}{(M_{жал} - M_{құрылым})} \cdot 100\ \%, \qquad (4)$$

Мұнда, $M_{жал}$ – құрылғының жалпы жабдықталған салмағы, кг;

$M_{раз}$ – разрядтаудан кейін құрылғының салмағы, кг;

$M_{құрылым}$ – өрт сөндіру затсыз құрылғының құрылымдық салмағы, кг.

Ескертпе- Өрт сөндіру затының қалдық көлемі немесе салмағының тікелей өлшеу рұқсат етіледі.

8.3.11.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.21 талаптарына сай келетін болса өрт сөндіргіш сынақтан өтті деп қабылдайды.

8.3.12 Сынама қысым сынағының әсерінен кейінгі өрт сөндіргіш корпусының төзімділігін анықтауға арналған сынақ

8.3.12.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) 2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді;

б) *сынақ ортасы: су* ГОСТ 2874 бойынша;

в) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.12.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру құрылғысының үлгісі гидравликалық стендте қондырылады

Өрт сөндіру құрылғысының сақтандырғыш құрылғысы (клапаны) сөндірілген болуы керек.

8.3.12.3 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргіш корпусын сумен толтырып өрт сөндіргішті нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген ($Р_{жұм.max}$) барынша жұмыс істеу қысымынан 1,5 еселі мәніне тиісті ($Р_{сн}$) сынама сынақталған қысымын белгілейді.

Қысымның көтерілу жылдамдығы (2,0 ± 0,2) МПа/мин көп емес болуы керек.

Сынама сынақталған қысым ($Р_{сн}$) кезінде (60 ± 5) кем емес бабына келтіруден кейін қысымды жұмыс істеу ($Р_{жұм.max}$) дейін түсіріп тастап, өрт сөндіру құрылғысының корпусын көзбен шолып қарау жүргізіледі

8.3.12.4 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіргіш, егер көзбен шолып бақылау кезінде өрт сөндіргіш корпусының қабырғаларында және оның сынама сынақталатын қысымның әсерінен кейін тығын арматурасында механикалық бұзақылар немесе көрінетін қалдықты өзгерістердің сынақталатын ортаның ағымы табылмайтын болса, сынақтан өткен болып саналады.

8.3.13 Шектеулі сынақталатын қысымның әсерінен кейін бұзылмайтын корпусымен өрт сөндіргіштің төзімділігін анықтау бойынша сынақтар

8.3.13.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) 2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді;

б) *сынақ ортасы: су* ГОСТ 2874 бойынша;

в) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.13.2 *Сынаққа дайындық*

Сынақтар өрт сөндіру затсыз бұзылмайтын корпусымен өрт сөндіру құрылғысының үлгісінде жүргізіледі

Өрт сөндіру құрылғысының үлгісі гидравликалық стендте қондырылады.

Өрт сөндіру құрылғысының сақтандырғыш құрылғысы (клапаны) сөндірілген болуы керек.

8.3.13.3 *Сынақты жүргізу*

Корпусы бар өрт сөндіргішті сумен толтырып, белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген (Ржұм.max) барынша жұмыс істеу қысымынан 2,7 еселі мәніне тиісті (Рсн) сынама сынақталған қысымын белгілейді.

Қысымның көтерілу жылдамдығы (2,0 ұ 0,2) МПа/мин көп емес болуы керек.

Өрт сөндіргіш корпусы (60 ұ 2) уақыт ішінде ($P_{шектік}$) сынақ қысымына шыдайтын болуы керек.

(60 ұ 2) с уақыт өткеннен кейін егер де өрт сөндіру корпусы бұзылмаған болатын болса, қысым оның бұзылуына әсер ете береді.

8.3.13.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер де корпустың бұзылуы қысым кезінде 5.2.15 тегіс немесе артатын қысым кезінде белгіленген бойлық жазықтығында өткен болса және өрт сөндіргіштің корпусының жарылған жерінеде металл жігінде ешқандай ақау болмаған болса өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп есептейді.

8.3.14 Өрт сөндіргіштің иілгіш шлангасын сынау

8.3.14.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) 2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді*;*

б) *2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді;*

в) *қателігі ± 2 ℃ көп емес, минус 50 ℃-тен 50 ℃ дейін температураның сақталымын қамтамасыз ететін климаттық камера;*

г) *1 ℃ көп емес өлшем қателігімен термометр* ГОСТ 13646 бойынша*;*

д) *1с. ішінде 10 с көп емес өлшем қателігімен секундомер;*

е) диаметрі (100 ± 5) мм болатын болат цилиндр;

ж) ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар;

и) ГОСТ 5378 бойынша бұрыш өлшегіш.

8.3.14.2 *Сынақты жүргізу*

Иілгіш шланганы сынау келесі бірізділік бойынша жүзеге асады:

а) Шланганың ұзындығын металл рулеткасының көмегі арқылы анықтайды, оның иілгіш бөлігін бекітілген жерден өрт сөндіргіште (штуцер) басқа штуцерге дейін немесе саптама-шашыратқыш орнын (өзек) немесе бекіткіш іске қосу құрылғысын өлшеу арқылы жүзеге асырады.

б) пайдалану температурасының диапазонындағы шланганың ұзындығын оны ең кіші пайдалану температурасында 24 сағат климаттық камерада ұстағаннан кейін анықтайды.

Климаттық камерадан босатқаннан кейін шланганы кезекпен басынан ортасынан және соңғы жағынан болат цилиндрді бойлай 180° майыстырады, одан кейін шланганы қайтадан қалпына келтіріп түзетіп отырады.

в) бекіту іске қосу құрылғы және иілгіш шланганың жинағындағы иілгіш шлангты төзімділікке сынауды қысыммен гидравликалық стендте жүзеге асырады ол нақты тұрпаттағы пайдалану құжаттарында бекітілген ГОСТ 24054 талаптарына сәйкес ($P_{жұм.max}$), ең

үлкен жұмыстық қысымды байқау үшін қажетті болып табылады ол (60 ұ 2) с кем болмауы керек.

Қысымды манометрдің көрсеткіштері бойынша тексереді.

Ауа аққыштығын сыналатын өрт сөндіргіш элементін бақылаушы жерлерін су толтырылған ваннаға батыру арқылы жүзеге асырылады.

г) бекіту құрылғы жинағындағы иілгіш шлангты төзімділікке сынауды қысыммен гидраликалық стендте жүзеге асырады ол нақты тұрпаттағы пайдалану құжаттарында бекітілген ($P_{пр}$) сынау қысымына байқау үшін қажетті болып табылады ол (60 ұ 2) с болуы тиіс.

(60 ұ 2) с өткеннен кейін сынамалы сынақ қысымын жұмыстық қысымға дейін алып келеді және шланға мен бекіткіш құралын көзбен шолып бақылайды.

8.3.14.3 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп қабылдайды, егер:

а) *Сынақ нәтижелері 5.2.16 - 5.2.18 талаптарына сәйкес келетін болса;*

б) сызаттар, жарылыстар және шланганың өту жолын кішірейтетін қиюлар майысулар жоқ болса;

8.3.15 ***Сақтандырғыш құралдың (клапан) жұмысқа қабілеттілігін анықтауға арналған сынақ***

8.3.15.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) 2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді;

б) *сынақ ортасы: су* ГОСТ 2874 бойынша;

в) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.15.2 *Сынаққа дайындық*

Сынақтарды өрт сөндіретін затсыз газгенерирленген элементімен немесе жіберу баллонмен (түтікпен) жабдықталған бұзылмайтын корпусымен өрт сөндіру құрылғысының үлгісінде жүргізіледі.

Өрт сөндіру құрылғысының үлгісі гидравликалық стендте қондырылады.

8.3.15.3 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргішті сумен толтырып, белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген ($P_{жұм.max}$) барынша жұмыс істеу қысымынан 1,5 еселі мәніне тиісті ($P_{сн}$) сынама сынақталған қысымын белгілейді.

Қысымның көтерілу жылдамдығы (2,0 ұ 0,2) МПа/мин көп емес болуы керек.

Өрт сөндіру құрылғысының сақтандырғыш құрылғысының (клапанның) жұмыс істеу сәтінде қысымды тіркейді

Сақтандырғыш құрылғының (клапанның) жұмыс істелуінен кейін қысымды жұмыс істеу (Ржұм.max) дейін түсіріп тастап, өрт сөндіру құрылғысының корпусын көзбен шолып қарау жүргізіледі.

Үш сынақтардан кем емес жүргізіледі.

8.3.15.4 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіру құрылғысы, егер:

а) сақтандырғыш құрылғысының (клапаны) жұмыс істеу қысымы осы стандартының 5.2.9 тармағында берілген (1) теңдікке тиісті қысымдардың ауқымында бар болса;

б) Өрт сөндіру құрылғысы, егер көзбен шолып бақылау кезінде өрт сөндіру құрылғысы корпусының қабырғаларында және оның сынама сынақталатын қысымның әсерінен кейін тығын арматурасында механикалық бұзақылар немесе көрінетін қалдықты

өзгерістердің сынақталатын ортаның ағымы табылмайтын болса сынақтан өткен болып саналады.

8.3.16 Өрт сөндіргіштің өрт сөндіру элементі немесе сүзетін элементтерінің канал параметрлерін анықтауға арналған сынақ

8.3.16.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақты жүргізу үшін ГОСТ 116 бойынша өлшеу кінараты 0,1 мм болатын штангенциркуль қолданады.

8.3.16.2 *Сынақты жүргізу*

Өрт сөндіргіш заттарының өткен канал параметрлері мен судағы, әуе-көбікті және әуе-эмульсиялық өр сөндіргіштерінің каналдарының параметрлерін көлденең қима ауданын табу арқылы және сүзгіш элементтің жалпы ауданын есептеу арқылы канал диаметрін өлшеу және сүзгіш элементтерінің ұяшықтарының өлшемдері арқылы анықтайды.

8.3.16.3 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.21 талаптарына сай келетін болса өрт сөндіргіш сынақтан өтті деп қабылдайды.

8.3.17 Өрт сөндіру затының ағынындағы тоқ аққыштығын анықтауға арналған сынақ

8.3.17.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) *өрт сөндіргіш затының тоқ аққыштығын анықтауға арналған сынау стенді*;

б) *ГОСТ 7502 бойынша өлшегіш металл рулеткалар;*

в) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.17.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру затының ағынындағы тоқ аққыштығын анықтауға арналған сынақты Д қосымшасындағы Д.1 суретінде келтірілген сұлба бойынша стендте жүзеге асырады.

Сынақ әдісі электр қондырғысының имитаторының өрт сөндіргіш затының әсер ету салдарынан өрт сөндіргіштің саптама-шашыратқыш (өзек) пен жерге тұйықталған электр тоғының арасындағы ағатын электр тоғының мөлшерін өлшеуге негізделген.

Электр қондырғысының имитаторы ретінде мөлшері (100 ұ 2,5) см Ч (100 ұ 2,5) см болатын нысана қолданылады, ол тіреуіш-оқшаулағыштарда орнатылады және пластина мен жердің кезеңдік кернеуімен (36 ұ 4) кВ трансформатордың екінші орамасымен қосылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақ жүргізген кезде стендті оқшаулағыш материалды қорапқа салады.

Өрт сөндіргіштің саптама-шашыратқышын (өзек) нысанаға (1,0 ұ 0,1) м ара қашықтықта перпендикуляр бойынша орналастырады және нысананың орталығына бағыттайды.

Өрт сөндіргіштің саптамасының кесілген жерінде полимерлі материалдардан жасалған – өрт сөндіргіштің шашыратқышында (өзек) электр өткізгіш материалынан шығатын элементті бекітеді.

Өрт сөндіргіштің саптама-шашыратқышы (өзек) және өрт сөндіргіштің корпусын тоқ аққышының өлшегіші арқылы жүзеге асырады.

8.3.17.3 *Сынақты жүргізу*

Нысана мен жоғары кернеу көзін реттеушіге жоғары кернеу беріледі және оны мәнге бекітеді.

Қашықтықтан басқару іске қосу көмегі арқылы өрт сөндіргішті іске қосады.

Өрт сөндіргіштің өрт сөндіруші затының түгелдей босап қалғанынша өрт сөндіргіштің саптама-шашыратқышы (өзек) мен жер арасындағы тоқ күшін өлшейді.

Ток шамасы үшін өрт сөндіру затының ағынындағы ток аққыштығы үшін оның ең жоғары мәнін алады.

8.3.17.4 *Сынақ нәтижелері*

Өрт сөндіргішті сынақтан өтті деп қабылдайды егер ол 5.2.26 талаптарына сай болатын болса.

8.3.18 Пайдалану температураларының ауқымында артықшылық қысым атында бар болатын өрт сөндіру құрылғысының полимерлік бөлшектерінің төзімділігін анықтау бойынша сынақтар.

8.3.18.1 *Өлшеу құралдары және сынақ құралдары:*

а) *айдағыш магистралды құбырда қондырылатын 2,5 төмен емес дәлдік классымен ГОСТ 18140 бойынша манометрмен жабдықталған гидравликалық стенді;*

б) *қателігі ± 2 °С көп емес, минус 50 °С-тен 50 °С дейін температураның сақталымын қамтамасыз ететін климаттық камера;*

в) *1 °С көп емес өлшем қателігімен термометр* ГОСТ 13646 бойынша*;*

г) *сынақ ортасы: су* ГОСТ 2874 бойынша;

д) *1 сағ ішінде 10 с артық емес өлшеу кінәратымен секундомер.*

8.3.18.2 *Сынаққа дайындық*

Сынақтар өрт сөндіретін заты жоқ өрт сөндіретін құрылғының үлгісінде жүргізіледі. Пайдалану температураларының ауқымы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес қабылданады.

